2. Обновление лексико-грамматического состава фразеологизма в результате замены отдельных его компонентов другими словами. Происходит своеобразная деформация фразеологического оборота, текст которого легко восстанавливается. Например, заимствованный из Библии фразеологизм *to have a millstone about one’s neck* (носить тяжкий камень на сердце) был видоизменен С.Т. Колриджем и выглядел так: *have an albatross about one’s neck* (дословно – носить альбатроса на шее); в поэме С.Т. Колриджа “The Ancient Mariner” говорится о моряке, убийством альбатроса накликавшем беду на свой корабль и вынужденном носить как наказание мертвого альбатроса вокруг шеи.

3. Расщепление фразеологизма и использование его компонента (или компонентов) в составе переменного словосочетания. Отдельный компонент (или компоненты) в этом случае являются носителем ассоциативного значения всей фразеологической единицы, на котором строится весь смысл высказывания. Полная форма фразеологизма как бы проходит вторым планом, но без восстановления ее понимание невозможно. Например:

- “I’ve got a cold.”

- "It's in your feet." (B. Manning)

В этом диалоге один из говорящих жалуется на болезнь, а другой собеседник говорит, что это не болезнь, а трусость. Фразеологизм представлен здесь лишь одним компонентом, - to get cold feet - трусить, проявлять малодушие.

4. Фразеологизм может быть приведен не полностью, с сохранением лишь части компонентов: "He complained to Fleur that the book dealt with nothing but birds in the bush". (J. Galsworthy) Здесь использована часть пословицы: "A bird in the hand is worth two in the bush." (Лучше синица в руках, чем журавль в небе). A bird in the bush в данном примере означает «пустые обещания».

Для достижения максимальной адекватности при переводе фразеологизмов с английского на русский переводчик должен уметь воспользоваться различными видами перевода:

1. Эквивалент, т.е. имеющийся в русском языке адекватный фразеологический оборот, совпадающий с английским оборотом по смыслу, и по образной основе, например: as cold as ice – холодный как лед, Augean stable(s) – авгиевы конюшни, the salt of the earth – соль земли, swallow the pill – проглотить (горькую) пилюлю.

2. Аналог, т.е. такой русский устойчивый оборот, который по значению адекватен английскому, но по образной основе отличается от него полностью или частично. Например: a drop in the bucket – капля в море, a fly in the ointment – ложка дегтя в бочке меда, it is raining cats and dogs – льет как из ведра.

3. Описательный перевод, т.е. перевод путем передачи смысла английского оборота свободным словосочетанием. Описательный перевод применяется тогда, когда в русском языке отсутствуют эквиваленты и аналоги, например: to rob Peter to pay Paul – отдать одни долги сделав новые (взять у одного, чтобы отдать другому), to burn the candle on both ends

— работать с раннего утра и до позднего вечера.

4. Антонимический перевод, т.е. передача негативного значения с помощью утвердительной конструкции или наоборот, например: to keep one's head – не терять головы, to keep one's head above water – не влезать в долги, to keep one's pecker up – не падать духом.

5. Калькирование. Метод калькирования применяется в тех случаях, когда переводчик хочет выделить образную основу фразеологизма, или когда английский оборот не может быть переведен при помощи других видов перевода, например: the moon is not seen when the sun shines (пословица) – когда светит солнце, луны не видно.

6. Комбинированный перевод. В тех случаях, когда русский аналог не полностью передает значение английского фразеологизма или же имеет иной специфический колорит места и времени, дается калькированный перевод, а затем идет описательный перевод и русский аналог для сравнения, например: carry coals to Newcastle – “возить уголь в Ньюкасл”, т.е. возить что-либо туда, где этого и так достаточно (ср. ехать в Тулу со своим самоваром).

Допуская полное или частичное калькирование в отдельных случаях, переводчик исключает всякую возможность использования буквализмов, т.е. неоправданных дословных переводов, искажающих смысл английских фразеологизмов или не соответствующих нормам современного русского языка.

Фразеологические единицы широко используются в литературе всех стилей. И грамотный переводчик не должен допускать неточностей в переводе того или иного фразеологизма. Без знания фразеологии невозможно оценить яркость и выразительность речи, понять шутку, игру слов, а иногда просто и смысл всего высказывания.

Фразеология – чрезвычайно сложное явление, изучение которого требует своего метода исследования, а также

использования данных других наук – лексикологии, грамматики, стилистики, фонетики, истории языка, истории, философии, логики и страноведения.

Мнения лингвистов по ряду проблем фразеологии расходятся и это вполне естественно. Тем не менее важной задачей лингвистов, работающих в области фразеологии, является объединение усилий и нахождение точек соприкосновения в интересах как теории фразеологии, так и практики преподавания иностранных языков.

Использованные литературы:

1. А.И.Алехина. Фразеологическая единица и слово. - Минск, 1991.
2. Н.Н.Амосова. Основы английской фразеологии. - Л., 1989.
3. И.Е.Аничков. Труды по языкознанию. - С-Петербург: Наука, 1997.
4. А.М.Бабкин. Русская фразеология, ее развитие и источники. - Л.: Наука, 1990.
5. Ш.Балли. Французская стилистика. - М.: Эдиториал УРСС, 2001.
6. М.Блэк. Метафора // Теория метафоры. - М., 1990.
7. В.В.Виноградов. Об основных типах фразеологических единиц в русском языке // В.В.Виноградов. Лексикология и лексикография: Избр. Тр. - М.: Наука, 1986.
8. В.П.Жуков. Семантика фразеологических оборотов. - М., 1990.
9. М.А.Захарова. Стратегия речевого использования образных фразеологизмов английского языка. – М., 1999.
10. М.М.Копыленко, З.Д.Попова. Очерки по общей фразеологии: Проблемы, методы, опыты. – Воронеж: Изд-во Воронежского ун-та, 1990.
11. П.Л.Коробка. Идиоматическая фразеология как лингвистическая и культурологическая проблема. - М., 1999.

КӘСІПТІК БАҒДАР ӨРІСІ

Мектепте жүргізілетін барлық оқу-тәрбие жұмысы оқушыға ғылымның әр түрлі саласынан білім беріп қана қоймай, оның танымын, дағдысын, іскерлігін дамытуды, қалыптастыруды діттей отырып, келешек өмірлік жолын, мамандығын таңдап алуына, соған байланысты бейімділігі мен қабілетін дамытып, қалыптастыруға бағытталуы тиіс. Сондықтан да мектептің оқу-тәрбие жұмысында оқушыларға кәсіптік бағдар беру ерекше орын алады.

Ең алдымен, оқушылар арасында әлеуметтік пікірді білу үшін (мамандық таңдауы жәйлі) арнайы анкеталар әзірленеді. Ол байқаудан, талқылаудан өткізіледі. Осындай жұмыстың нәтижесін талдау барысында кәсіптік бағдар беру мақсатымен әрбір сыныпта оқытылатын қолданбалы, таңдау курстарының жүйелі байланысы, бағдарлы жұмыстың нәтижелілігі байқалады.

Пән мұғалімінің іс-әрекеті жүйелі бағыт алуының үйлестіру жұмысы сынып көлемінде басталып, сынып ұжымы ауқымында жүзеге асырылғаны жөн. Кәсіптік бағдар беру жұмысының алғашқы басқышы сыныпта басталып, одан мектеп, кәсіпорын, шаруашылықпен ұштасуы керек.

Кәсіптік бағдар беруде сынып ұжымына (бір сыныпта жұмыс істейтін пән мұғалімдерін де ескереміз), оның ішінде сынып жетекшісіне ерекше орын беруге тиіспіз. Істің нәтижелі болуы сынып жетекшісінің оқушылармен, пән

мұғалімдерімен, ата-аналармен, жұртшылықпен бағдарлы да мақсатты жұмыс жүргізуіне тікелей байланысты. Ол үшін сынып жетекшілері өз жұмысының жүйесін, әдістемесін, іс-әрекет мазмұнын, педагогикалық диагностика мен консилиум өткізудің тәсілі мен жолдарын, педагогикалық теорияны ұйымдастыруды жақсы білуі керек.

Осыларды ескере отырып, сынып жетекшілерінің оқушылармен, пән мұғалімдерімен, ата-аналармен, жұртшылықпен, мектеп ұжымымен бірлесе, үйлестіре жүргізетін жұмыс түрлерін, жүйесін, бағдарын, мақсатын айқындауға болады.

Олар мыналар:

1. Сынып жетекшісі жоспарының негізгі бөлімін жоспарлау үлгісі.
2. Сынып жетекшісі әрекетінің негізгі бөлімдері.
3. Сынып жетекшісі жоспарына қойылатын талап.
4. Оқушылардың білім сапасын арттыруда сынып жетекшісінің міндеті.
5. Тәртіптілікке тәрбиелеудің негізгі жолдары.
6. Сынып ұжымын ұйымдастыру, топтастыру жолдары.
7. Мектептің, сынып жетекшісінің ата-аналармен жұмыс істеу үлгісі.
8. Сынып жетекшісіне қойылатын талап.

Оқушыларға кәсіптік бағдар беру жұмысын тек сынып көлемімен шектеуге болмайды. Ол мектеп одан әрі шаруашылық, кәсіпорынмен ұштасып, бірлік тапқанда ғана өз нәтижесін береді.

Мұны жүзеге асыратын мектеп жанынан немесе шаруашылық жанынан ұйымдастырылған кәсіптік бағдар кеңесі болмақ. Бұл кеңеске мектеп қызметкерлері, базалық шаруашылық, кәсіптік – техникалық училище қызметкерлері, ата-аналар, дәрігерлік мекемелердің мамандары қатысуы тиіс. Кеңеске мектеп директоры жетекшілік жасағаны жөн.

Бұл кәсіптік бағдар кеңесі өз қызметінде сол жердегі шаруашылыққа, кәсіпорынға керекті мамандар көлемінде қандай жұмыс жүргізуі керек, оны үйлестіруде мектеп пен шаруашылықтың қандай үлесі болуға тиісті, кім немен айналысу керек деген мәселерді шешіп көрсете алады.

Мектепте кәсіптік бағдар беру орталығы құрылғаны жөн. Ол тек көрсетілген жұмысты жүргізіп қана қоймай, әдеби, ғылыми-теориялық материалдарды жинақтайтын, сонымен бірге мамандықтарды насихаттайтын, әрбір мамандыққа анықтама кеңес беретін, кездесулер, пікіралысулар, семинарлар жүргізетін орталыққа айналуы қажет.

Осы мақсаттағы мектепте мұндай орталық кәсіптік бағдар беру кабинеті болмақ. Мамандықпен таныстыру, насихаттау мәселесінен сынып жетекшісі шет қалуға тиіс емес. Мамандықтар жәйлі үлгілі әдеп сағаттарын, дөңгелек үстел, тренингтер, қызықты «Мамандықтар шеруі» апталықтарын өткізуге болады. Әрбір сыныпта жеке мамандықтар бойынша түсінік беретін бұрыштар тұрақты жұмыс істеуі тиіс.

Мамандықты таңдау мәселесі сол мамандықтың қыр — сырын шәкірттер әрекет үстінде байқап көргенде ғана, оның қиындығы мен біз біле бермейтін ішкі сырларын өз басынан өткізгенде ғана байқап, соған бейімділігі мен қабілеттілігін әрекет үстінде тексеріп, көріп аңғаратын болады. Бұл үшін оқушы өндіріс орындарына әр түрлі мекемелерге, цехтарға, шеберханаларға, т.б. барып, әр мамандық саласында өз күшін байқап көруі керек. Ауылдық жерде бұған толық мүмкіндік бола бермейді.

Мамандық таңдауда оқушылармен жүргізілетін пікірталастардың (дебат), арнайы ұйымдастырылған баяндама, лекциялардың маңызы зор. Әр оқушы пікір сайысына түсе отырып, оның өзі таңдаған мамандығына деген сенімі, ол мамандықтың мәнін түсінуі арта түседі, танымы қалыптасады, адамгершілік түсінігі молаяды.

Мамандыққа сеніммен келетін болады. Сонымен бірге арнайы өтілетін баяндамалар мен лекциялар оқушының мамандық жайындағы танымын, түсінігін, сенімін толықтыраты түседі. Осы мақсатта пікірталас, баяндама, лекция тақырыптары сараланады, ұсыныс жасалады.

Осындай жұмысты ата-аналар арасында да жүйелі жүргізу, өз балаларының талғам-талаптарының өз ойларымен үйлесер-үйлеспеуі жайында және сол келіспеушіліктерді болдырмау жөнінде, мамандыққа байланысты бала психологиясындағы қалыптаса бастаған өзіне тән ерекшеліктерді білу, тану, оны дұрыс ұғыну, сол арқылы баласының келешегіне көмекші, кеңесші, жәрдемші бола білуі жағын түсіндіру үшін психологиялық тренингтер, пікірлесудің рөлі зор.

Осы айтылған жұмысты мектеп ұжымы саналы түсініп, жүрегімен меңгергенде ғана жүзеге аспақ. Сондықтан жасалған, сараланған кәсіптік бағдар берудің жүйесін, үлгісін, әдісін, оның амал – тәсілдерін мектеп ұжымының дұрыс игеруін қамтамасыз ету мақсатында семинарлар ұйымдастыруға да болады. Онда «Сынып жетекшісінің кәсіптік бағдар беруді іске асырудағы атқарған қызметі», «Еңбек тәрбиесінің рөлі», «Кәсіптік бағдар берудің жүйесі» деген тақырыпта баяндамалар оқылып, «Кәсіптік бағдар беру жүйесіндегі жеке пәндердің ықпалы», т.б. тақырыптарда семинар өткізіліп, пікір алмасады.

Жоғары сынып оқушыларымен өткізілетін «Менің таңдаған мамандығым», «Кім болам?», т.б. мамандық таңдау кештерінің алар орны ерекше. Кеште көркем – сурет, графика, кәсіптік білім беру факультеттерінің студенттері өз шығармаларынан көрме ұйымдастырып, жоғары оқу орнының грант иегерлері қатыстырылса құба-құп болар еді. Себебі, оқушылар студент жастарға өз көкейлеріндегі сұрақтарын беріп пікір алмастырып, қалаған мамандығына деген сенімін ұялатары анық.

Ләззат ШОРТАНБАЕВА,
Ақмола облысының
Ерейментау қаласындағы
Төлеу Шаханов атындағы
№3 орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІ ПАЙДАЛАНУ

Мақал-мәтелдер – ғасырлар шежіресі. Онда халық тарихы, оның әлеуметтік тіршілігі, ақыл-өнегесі мол көрініс тапқан.

Мақал-мәтелдер ой дәлдігімен, тереңдігімен, ықшамдылығымен ерекшеленеді. Онда өмірдің сан алуан құбылыстарына баға беріліп, үлкен түйін жасалады, халықтың ғасырлар бойғы тәжірибесі қорытылады.

Сондықтан да басқа ұлт өкілдеріне қазақ тілін оқыту барысында міндетті түрде мақал-мәтелдерді үйрету қажет деп санаймын, өйткені мақал-мәтелдерсіз халықтың тарихын, мінезін, ақыл-өнегесін түсіну мүмкін емес. Және мақал-мәтелдерді сөйлеуде пайдалану сөзді ажарлатып, байытады.

Қазақ тілі сабақтарында мақал-мәтелдерді әр түрлі тақырыптарда пайдалануға болады. Өзім сабақтарымда пайдаланып жүрген біраз әдістеріммен бөліскелі отырмын.

I. Оқушылар мақал-мәтелдерді оқып, олардың орысша баламаларын табады.

1. Киіміне қарап қарсы алады,
Біліміне қарап шығарып салады.

Встречают по одежке, провожают по уму.

II. «Әзіл аралас сұрақтар». Мақалгүл тәтейдің (мұғалім-нің) сұрақтарына мақал-мәтелмен жауап бер.

1. Жердің сәні не? Ердің сәні не? (*Жердің сәні – егін, Ердің сәні – білім*)

2. Ер өлсе де не өлмейді? (*Ер өлсе де, оның аты өлмейді*)

3. Дұшпанға қандай бол? Досыңа қандай бол?

(*Дұшпанға тастай қатты бол, Досыңа балдай тәтті бол*)

III. Оқушылар мақал-мәтелдерді оқып, өз тарапынан сөйлеуде пайдаланады.

1. Денсаулық – зор байлық.

Егер сенің денің сау болса, сен оқу оқисың, жұмыс істейсің, өмірде белсенді боласың. Денің сау болу үшін не істейсің?

2. Жоқ кездегі дос – дос, Бар кездегі дос – бос.

Достарыңа көмек керек болғанда, көмектесу керек. Сен және сенің достарың бір-біріңе қалай көмектесесіңдер?

3. Өлгеніңше үйрен.

Сықақ: Егер де біз көп оқысақ, көп білеміз,

Егер де біз көп білсек, көп ұмытамыз,

Егер де біз көп ұмытсақ, аз білеміз.

Сонда біз неге оқимыз?

Мәтел мен сықақты оқып, осы туралы не ойлайсыңдар, айтып беріңдер.

IV. Мақал-мәтелдерді грамматикалық тақырыптар өткенде пайдалануға болады.

«Септіктер» тақырыбы.

Мектеп – кеме, білім – теңіз.

Еріншектің ертеңі бітпейді.

Тілге – құрмет, елге – құрмет.

Отанды сүю отбасынан басталады.

Күш – білімде, білім – кітапта.

Отан оттан да ыстық.

Ойлаумен ой толады, ойнаумен бой толады.

«Антонимдер» тақырыбы.

Жақсыдан – үйрен, жаманнан – жирен.

Үлкен – бастар, кіші – қостар.

«Болымсыз етістік» тақырыбы.

Досы көпті жау алмайды.

Отанын сүйген отқа жанбайды, суға батпайды.

«Сан есім» тақырыбы.

Жеті рет өлшеп, бір рет кес.

Ел құлағы - елу.

«Көмекші есімдер» тақырыбы.

Ел іші – алтын бесік.

Ырыс алды – ынтымақ.

«Шартты рай» тақырыбы.

Ойнап сөйлесең де, ойлап сөйле.

Батыр туса – ел ырысы, жаңбыр жауса – жер ырысы,

«Бұйрық рай» тақырыбы.

Оқы да біл, ойна да күл.

Күшіңе сенбе, өнеріңе сен.

«Тәуелдік жалғау» тақырыбы.

Жері байдың елі бай.

Күннің көзі – ыстық, ананың алақаны – ыстық.

Келтірілген мақалдармен түрлі тапсырмалар орындауға болады:

1. Көп нүктенің орнына тиісті жалғауды жаз.
2. Көп нүктенің орнына керекті сөзді жаз.
3. Көп нүктенің орнына тиісті әріпті жаз.
4. Мақалды аяқта.



Гүлмира ЖАНАЙДАРОВА,
Рузаев орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Солтүстік Қазақстан облысы,
Ғабит Мүсірепов ауданы.
Рузаевка ауылы.

ҚАЗАҚ ТІЛІНЕН ЖАЗҒЫ САУЫҚТЫРУ АЛАҢЫНДАҒЫ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

№	Тақырыбы	Өтілетін күні
1.	Жазғы демалыс	
2.	4 маусым- Қазақстан Республикасының рәміздер күні	
3.	Кішіпейілдік	
4.	Киелі сандар	
5.	Дүкенде	
6.	Мектеп бақшасында	
7.	Ғажайып септіктер	
8.	Ғажайып септіктер	
9.	Қорытынды сабақ	

1-сабақ. Жазғы демалыс.

1. - Сәлеметсіңдер ме, балалар?! Жазғы сауықтыру алаңындағы қазақ тілінен бірінші сабағымызды бастаймыз.

Бір күн қалмай сабақтан,
Мектепке барып шаршадым.
Болса деп жазғы демалыс,
Осы бір күнді аңсадым
Енді мен, енді, енді мен,
Таңертең ерте тұрмаймын.

Оқылмай қалған сабаққа

Әрнені сылтау қылмаймын.

Неше алып келдің, балам? - деп

Қоймайды сұрақ ата-анам.

Ойналмай жүрген ойынның,

Қызығына әбден бата алам.

Басталса жазғы демалыс,

Еркіндік билеп миымды.

Құлыпты, мектеп түгілі,

Ұмытып кетем үйімді. (Қымбат Әбділда)

2. - Ал, енді, балалар, жазғы демалыспен байланысты сөздерді қайталайық.

Жаз – лето;

айнала – вокруг;

өзен – река;

ат – лошадь;

көкөніс – овощи;

жеміс – фрукты, ягоды;

ауа – воздух;

ауыл – деревня;

қарбыз – арбуз;

қауын – дыня;

жел – ветер;

ыстық – жарко, жаркий.

3. Мәтінді тыңдап, аударыңдар:

Жазда інім Әділ екеуіміз ауылға барамыз. Ауылда қызық. Өзенге шомыламыз. Күнге қыздырынамыз. Атқа мініп шабамыз. Атама көмектесеміз.

Атамның қауындары, қарбыздары өте тәтті. Әжем бізге айран, қымыз, шұбат береді. Атамның алма, өрік, жүзім ағаштарын суарамыз. Балалармен ойнаймыз. Жаз бізге ұнайды.

4. - Сендерге, балалар, жаз мезгілі немен ұнайды? (оқушылардың жауабы)

- Сабақ аяқталды. Келесі кездескенше. Сау болыңдар!

2-сабақ. 4 маусым - Қазақстан Республикасының рәміздер күні.

1. - Сәлеметсіңдер ме, балалар?! Бүгінгі сабақты бастайық. Былтырғы жылдан бастап 4 маусым Қазақстан

Республикасының рәміздер күні болып есептеледі. Бүгін әрбір мемлекеттің ғасырлық тарихына байланысты рәміздері бар. Мемлекеттік рәміздер - Ту, Елтаңба, Әнұран. Бұл - халық бірлігінің белгілері.

Со времен глубокой древности существовали символы, объединявшие общины и племена. Символы - это рисунки, знаки, заменяющие слова. Символика- это объединение определенной группы символов. У Республики Казахстан тоже есть знаки единения народа - Флаг, Герб и Гимн. Каждый гражданин обязан знать и уважать государственные символы.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы - ортасында шұғылалы Күн, оның астында қалықтап ұшқан қыран бейнеленген тік бұрышты көгілдір түсті мата.

Жалау

Желбіреді шарықтап

Қазақстан жалауы.

Көкте қыран қалықтап,

Қанат қағып барады.

Көк аспанда нұрлы Күн

Күлімдейді далама.

Бақыт тілеп тұр бүгін

Ол барлық пәк балаға.

Ұлттық өрнек - мұрамыз

Адастырмас мұраттай.

Нық көтеріп тұрамыз

Жалауды біз құлатпай!

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасында көгілдір түс аясында шаңырақ бейнеленген, шаңырақты айнала Күн сәулесіндей тарап, уықтар шаншылған. Жарық жұлдыз - Отанымыздың жұлдызы биіктеп, жұлдызынан нұр шашып тұрғанын бейнелейді.

На голубом фоне Государственного Герб изображен шанырак - навершие купола юрты. Шанырак считается священным. По народному преданию, в шаныраке селятся духи - аруахи. Они охраняют семейное благополучие, мир и покой дома. Уыки - солнечные лучи. А солнце - это источник тепла и жизни. По сторонам шанырака находятся золотокрылые тулпары. Их силуэты несут глубокий смысл. Это бесстрашие льва и прозорливость сокола, сила быка и быстрота лани, это хитрость лисы в борьбе против врагов.

Елтаңба

Бейнелеп сан ғасырды

Елтаңбасы елімнің,

Таратады хас үлгі

Киесіндей жерімнің.

Бабам тұлпар жаратты,

Құлынында танып-ақ.

Тұлпар барда қанатты,

Шайқалмайды шаңырақ.

Тәуелсіздік көркі ол да,

Өркениет өрінде.

Нұр төгеді Елтаңба

Ақ Орданың төрінде!

- Әнұран - мемлекеттің салтанатты әні. Оның сөздерінде халықтың мыңдаған жылғы тарихы, бүгінгі өмірі мен келешек арманы айтылған. Әнұранды түрегеліп тұрып тыңдайды, айтады. Бұл өз мемлекетіңе деген құрметті көрсетеді. Әнін ақын Жұмекен Нәжімединов пен сазгер Шәмші Қалдаяқов 1959 жылы жазған. Алғашқы рет Қазақстан Республикасының Әнұраны ретінде «Менің Қазақстаным» әні 2006 жылы 10 қаңтарда Елбасын ұлықтау рәсімінде орындалды.

- Гимн - торжественная песня государства. В его словах многовековая история, жизнь сегодняшнего дня и мечта о будущем. Гимн поют стоя. Слушают тоже стоя.

Это выражение уважения к своему государству. В нашей Республике Государственным гимном принята песня «Мой Казахстан». У этой песни интересная история. Песня была написана поэтом Жумекеном Нажимединовым и композитором Шамши Калдаяковым в 1959 году. В каждом доме, на всех праздниках звучала эта песня. В создании нового текста гимна принял участие Н.Назарбаев. Впервые, как Гимн Республики Казахстан, песня «Мой Казахстан» прозвучала на инаугурации Президента Казахстана Нурсултана Назарбаева 10 января 2006 года.

Әнұран

Барша халық таныған

Біздің үміт, тілекті.

Шырқағанда әнұран

Шаттық кернер жүректі.

Жеңіс туын көтерген

Жарыстарда сан қилы

Жанарынан от өрген,

Көкте әнұран шалқиды!

3-сабақ. Кішіпейілділік. Вежливость.

1. - Сәлеметсіңдер ме, балалар?! Сабағымызды бастайық.

Если вы знаете человека недостаточно хорошо, то вы обращаетесь к нему (к ней) как?

- Сәуле апай, Меруерт апай

- Жакып аға, Меліс аға

- (часто без имени)

Так обращаются к людям, старшим по положению или возрасту, а также в качестве вежливого обращения.

В последнее время в официальных случаях стали часто употреблять такие обращения:

Ханым – госпожа;

мырза – господин.

При встрече с близким другом или товарищем говорят:

- Сәлем! - Привет!

Если встретившийся человек старше тебя, ты скажешь: «Сәлеметсіз бе?» Мужчины здороваются между собой так: Ассалаумағалейкум! В переводе с арабского это слово означает «Желаю мира вашему дому!». Произнося это слово, тебе необходимо пожать руку друга. А от друга в ответ ты услышишь: «Уағалейкумассалам!». Смысл этого слова тебе понравится. Посмотри, как замечательно звучит предложение: «Вашему дому я тоже желаю мира!»

Прощаясь, обычно говорят:

- Сау болыңыз! - До свидания!;
- Көріскенше! - До скорого свидания!;
- Жолың болсын! - Желаю успеха!;
- Бәрі жақсы болсын! - Всего наилучшего!

Если вы хотите извиниться за допущенную невежливость или за причиненное беспокойство (перебили собеседника, спрашиваете у прохожего дорогу, беспокоите сидящих, толкнули кого-либо и т.п.) то нужно говорить:

- Кешіріңіз - извините;
- Ғафу етіңіз - простите;
- Кешіріңіз, мен байқамай бір жеріңізді ауыртып алғаным жоқ па? - Виноват, надеюсь, я вас не ушиб;

На это, по всей вероятности, вам ответят:

- Ештеңе етпес, о не дегеніңіз! - Ничего, ну что вы!
- Сабақ аяқталды. Сау болыңыздар, балалар!

4-сабақ. Киелі сандар.

1. - Сәлеметсіңдер ме, балалар?! Сабағымызды бастайық. Қазақ тілінде сандардың арасында киелі сандар бар. Олар үш, бес және жеті саны.

3 санына байланысты байламдар:

3 қуат	3 ғажайып	3 арсыз
ақыл	ажал	ұйқы
жүрек	қонақ	тамақ
тіл	несібе	күлкі

3 даусыз

мінез

кәрілік

ажал

3 қадірсіз

жігіттік

денсаулық

жақсы жар

3 көз

су анасы - бұлақ

жол анасы - тұяқ

сөз анасы - құлақ

5 санына байланысты байламдар:

Бес асыл, бес дұшпан

Бес нәрседен қашық бол,

Бес нәрсеге асық бол,

Адам болам десеңіз...,

өсек, өтірік, мақтаншақ,

еріншек, бекер мал шашпақ -

бес дұшпаның білсеңіз.

Талап, еңбек, терең ой,

Қанағат, рақым, ойлап қой –

Бес асыл іс көнсеңіз. *(Абай)*

7 санына байланысты байламдар:

Жеті қазына Жеті ата Түзетілгені Жеті ұрпақ Түзетілгені

ер жігіт	бала	ата	әке	ата
сұлу әйел	әке	бергі ата	бала	әке
ақыл, білім	ата	арғы ата	немере	бала
жүйрік ат	үлкен ата	баба ата	шөбере	немере
қыран бүркіт	баба	ұлы ата	шөпшек	шөбере
берен мылтық	түп ата	түп ата	немене	шөпшек
жүйрік тазы	тек ата	тек ата (ататек)	туажат	немене

Одан басқа Жеті шәріп-әулие, жеті ғалам, жеті қат көк, жеті қат жер

- Ал, балалар, бүгінгі сабақ аяқталды. Сау болыңыздар!

5-сабақ. Дүкенде.

1. - Сәлеметсіңдер ме, балалар?! Бүгінгі сабақты бастайық.

Прослушайте и переведите текст на русский язык.

Азық - түлік дүкені: - Сен қайда бара жатырсың?

- Мен дүкенге бара жатырмын.

- Оған неге бара жатырсың?

- Мен бұл дүкенге күнде келіп жүрмін. Қазір мен дүкенге азық-түлік алуға келе жатырмын. Қазір үйге нан, май, қант, шай, ұн және күріш керек. Сүтке, айранға, қаймаққа қазір бармау керек. Олар қазір дүкенде жоқ. Сүтке, айранға, қаймаққа кешке жақын бару керек. Маған жолда базарға барып, көкөніс, жеміс-жидек алу керек.

2-тапсырма. Ответьте на вопросы, используя слова таблицы.

1. Азық-түлік дүкенінде не бар?

2. Азық-түлік дүкенінде не жоқ?

сүт, қалам, қағаз, қарындаш, күріш, май, дәптер, қант, сағат, балға, егеу, ет, оқулық, тәрелке, айран, қаймақ, кітап, құрт.

3-тапсырма. Поговорите с другом.

Спросите друга по-казахски	Проверьте ответ друга по ключу
1 Ты куда идешь?	1. Мен азық-түлік дүкеніне бара жатырмын.
2. Что ты хочешь взять в продовольственном магазине?	2. Маған нан, май, кант керек.
3. За молоком, кефиром, сметаной	3. Сүтке, айранға, қаймаққа кешке жақын бару керек.
когда нужно идти в магазин?	4. Көкөніс пен жеміс-жидектер базарда бар.
4. Где можно купить овощи и фрукты?	5. Жоқ, базарда көкөніске, жеміс-жидекке кезекте тұрған адам көп емес.
5. Там очередь большая?	

4-тапсырма. Составьте диалоги, используя ситуации:

1. Вы идете в магазин за продуктами. По дороге встречаете своего друга...

2. Сегодня воскресенье. Ваша мама просит вас сходить в магазин за продуктами...

3. Вы идете в магазин, который находится в соседнем районе. Вы не знаете, как туда добраться и какие продукты там имеются. Позвоните своему другу и поговорите с ним.

- Сабақ аяқталды. Бүгін біз азық-түлік дүкеніне қатысты сөздерді қайталадық. Сау болыңыздар!

6 сабақ. Мектеп бақшасында.

- Сәлеметсіңдер ме, балалар?! Бүгінгі сабақты бастайық.
- Біздің мектепте бақша бар ма?
- Ол қандай?
- Онда не өседі?
- Көкөністерді жерге кім екті?
- Мектептің алдында гүл өсе ме?
- Гүлдердің түстері қандай?
- Оларды кім суарады?
- Мектеп бақшасында не өседі?

2-тапсырма. Прослушайте текст и переведите на казахский язык:

В нашей школе есть пришкольный участок. Он занимает большую площадь.

Есть участок для посадки картофеля. В теплице выращивают помидоры, перец, огурцы. На летних каникулах дети 1-9 классов ухаживают и поливают грядки.

Перед школой растут красивые цветы. Они желтого, красного и розового цветов.

3-тапсырма. Өлеңді мәнерлеп оқыңдар.

Гүлдер

Жел жүгіріп барады,

Сипап өтіп гүлдерді.

Еркелетті деп ойлап,

Гүлдің бәрі түрленді.

Майда желдің мінезі,

Нәзіктерге жағады.

Маужырап тұр Күн көзі

Гүл аңқытып даланы.

Гүлдер, гүлдер,

Көп гүлдер,

Лүп-лүп еткен жүрегі.

Нәзік болу сендердей -

Қыз баланың тілегі!

7 сабақ. Ғажайып септіктер.

- Сәлеметсіңдер ме, балалар?! Бүгінгі сабақты бастайық.
Қазақ тілінде 7 септік бар

Падежи	Вопросы
Атау септік - именительный	Кім?-кто? Не?- что?
Ілік септік - родительный	Кімнің? -кого? Ненің? - чего?
Барыс септік - дательный	Кімге? - кому? Неге? - чему?
Табыс септік - винительный	Кімді? -кого? Нені? - что, чего
Жатыс септік - местный	Кімде? - у кого? Неде? - у чего?
Шығыс септік - исходный	Кімнен? - от кого? Қайдан? - откуда? Из чего?
Көмектес септік - творительный	Кіммен? - кем? Немен? - чем?

Данные ниже слова поставьте в ілік, барыс, жатыс септік.

Жұмыс, бастық, мектеп, дәптер, малшы.

Ілік септік	барыс септік	жатыс септік
Жұмыс+тың	жұмыс+қа	жұмыс+та
Бастық+тың	бастық+қа	бастық+та
Мектеп+тің	мектеп+ке	мектеп+те
Дәптер+дің	дәптер+ге	дәптер+де
Малшы+ның	малшы+ға	малшы+да

В прочитанном отрывке найдите слова на повторенные падежи:

Ойыншықпен ойнайтын -

Бала!

Тәттіге еш

Тоймайтын кім -

Бала!

Ет жүректі елжіреткен -

Бала!

- Бүгінгі сабақ аяқталды. Сау болыңыздар!

8-сабақ. Ғажайып септіктер.

- Сәлеметсіңдер ме, балалар?! Бүгінгі сабақты бастайық.
Табыс, Шығыс, Көмектес септіктерді қайталаймыз.

Данные ниже слова поставьте в табыс, шығыс, көмектес септік.

Жел, жастар, жер, қар, уақыт.

Табыс септік	Шығыс септік	Көмектес септік
---------------------	---------------------	------------------------

Жел+ді	жел+ден	жел+мен
--------	---------	---------

Жастар+ды	жастар+дан	жастар+мен
-----------	------------	------------

Уақыт+ты	уақыт+тан	уақыт+пен
----------	-----------	-----------

Жер+ді	жер+ден	жер+мен
--------	---------	---------

Қар+ды	қар+дан	қар+мен
--------	---------	---------

В прочитанных отрывках найдите слова на повторенные падежи:

Айтсақ шындықты,

Ештеңені Есет

Бүлдірмейді.

- Мына шыбықты

Кім сындырды? - десек,

Міңгірлейді.

Мақтанды шошқа тыртып:

- Секіріп өрден тым биік,

Көрсетем өнер, - деді де,

Сүңгіді көлге тұңғыық.

Көкке шығып биледім,

Бұлтты түтіп иледім.

Аспан мен бұлт арасын

Түйреуішпен түйредім.

Іздеп жүрген қойларым

Су астында жүр екен.

Қойдан үркіп балықтар

Жағалауда тұр екен.

- Бүгінгі сабақ аяқталды. Сау болыңыздар!

9-сабақ. Қорытынды сабақ.

- Сәлеметсіңдер ме, балалар?! Бүгінгі сабақты бастаймыз.
- Әр бала жұмбақты жақсы көреді. Сендерге ұсынған бірнеше жұмбақ:

Жұмбақтар

1. Қазанбас, қыл мойын. *(орамжапырақ)*
2. Қызыл ешкі жатқан жерге шөп өспес. *(от орны)*
3. Қос атқа бірден
Бір жігіт мінген. *(шаңғышы)*
4. Қызыл түлкі,
Өз інінен шықпайды. *(тіл)*

Жаңылтпаштар

1. Ұрыс келсе, ырыс кетеді,
Ырыс келсе, ұрыс кетеді.
2. Тысы ұнаса, түсі ұнамайды,
Түсі ұнаса, тысы ұнамайды.
3. Көп ағашта көп алма бар,
Көп алмалар, көк алмалар.
4. Құрал тұрармен
Күреске түсті,
Тұрар Құралдан күшті.

Әріп жұмбақтар

- Жүзімде бар, Өрікте жоқ.
Көзімде бар, Бөрікте жоқ.
Төзімде бар, Көлікте жоқ. *(з)*



Айжан МАНАБАЕВА,
Алматы облысының
Қарасай ауданындағы
«Үшқоңыр» ауылының
«Бота» балабақшасының тәрбиешісі.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАНЫҢ АДАМГЕРШІЛІК, ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ТӘРБИЕШІНІҢ РӨЛІ

Адамның сенімі балалық шақтан бастап қалыптасады. Балабақшада тәрбиеші балалардың адамгершілік-экологиялық тәрбиесін қалыптастыра бастайды.

Біздің қоғамның алғашқы қағидасы - туған табиғатқа деген махаббатқа тәрбиелеу. Менің өз алдыма қойған басты міндетім - өз Отанымызға деген махаббатты арттыру.

Табиғатқа деген махаббатты біз балаларды оның құпияларымен таныстыра отырып, олармен бірге құпияларды аша отырып, оларға өсімдіктер мен жануарлар өмірінен қызықты жайттарды көрсете отырып тәрбиелейміз. Табиғатты танудың негізгі құралы-бақылау, тәрбиеші өз жұмысында оны қолданады. Баланың қабылдауы сезім түйсіктерінің барлық түрлері арқылы жүзеге асады, олар: көру, есту, иіс сезу, кейбір кезде дәм сезіну арқылы.

Серуенге шыққан кезде жәндіктерді бақылау барысында мен құмырсқалардың өміріне бақылау жасауды ұсынамын, құмырсқалар қалай еңбек етеді, құмырсқаның илеуін бұзбауды үйретемін; аралардың ызындағанын

тыңдауға, көбелектер гүлге қонған кезде олардың қанаттарындағы бояулар мен өрнектерді зейінмен қарауға, инелік қанаттарының нәзік құрылысына назар аударамын. Балаларға ата-аналарымен саябаққа барғанда құстардың сайрағанына, өз балапандарына ұшуды қалай үйрететініне, ұяларын қалай жасайтынына назар аударуды ұсынамын. Балаларды табиғаттан шөптің иісінен, гүлдің әдемілігінен ләззат алуға үйретемін.

Табиғатты аялау керек екендігін: гүлдерді жұлға, ағаштардың бұтақтарын сындыруға, көбелектерді ұстауға, құмырсқа ұялары мен құстардың ұяларын бұзуға болмай-тынын ескертіп отырамын.

Табиғатқа қызыққан бала оны сүйетін болады, ол туралы көп нәрсені білгісі келеді. Табиғатты дұрыс қабылдау өмірге қуана білу, жанашырлық, барлық тіршілікке деген зейінді қатынас сияқты қасиеттерді дамытуға көмектеседі. Баланың табиғатты қабылдауы ересектерге қарағанда тереңірек, өйткені ол табиғатпен бірінші рет қарым-қатынасқа түскендіктен, оның қызығушылығы арта түседі.

Осы қызығушылықты қолдай және дамыта отырып, балалардың бойындағы көптеген жағымды қасиеттерді тәрбиелей аламын. Байқағыш балаға табиғаттың әдемілігін сезіну қиындық тудырмайды, ол балалардың көркемдік талғамын дамытуға және әдемілікті түсінуге көмектеседі.

Ауа райын бақылау кезінде мен балаларды жазда аспан мен Күннің арайлы бояуларымен сүйсінуге, күзде ағаштардың әсемдігіне, қыста - қардың алуан түрлеріне қарап сүйсінуді үйретемін.

Баланың әсемдікті сезінуі дамиды, ол әдемілікке қайран қалып, қуанатын болады, қоршаған әлемді тереңірек тани алатын болады, әдемілікті өз қолымен жасауға тырысатын болады.

Еңбекке баулу сабақтарында мен балалармен бірге табиғи материалдан (жаңғақ, жұмыртқаның қабығынан, ағаш бұтақтарынан, т.б.) жануарлар мен ертегі кейіпкерлерінің мүсіндерін жасаймын. Балаларды әр түрлі материал жинауға жұмылдырамын.

Далада оларды ұжымдық еңбекке (тастарды, бұтақтарды жинау, сыпыру, гүлдерді суару, ауланы таза ұстау) баулыған дұрыс. Осылайша балалар сәби кездерінен бастап ересектердің еңбегін сыйлауға үйренеді.

Қоршаған ортамен танысу сабақтарында табиғатты адамдар өздерінің іс-әрекеттері арқылы өзгертетіні туралы айтамын.

Мысалы: бағбан ағаштардың жайылып, сау болып, жақсы өсуі үшін қандай бұтақтарды қию керек екендігін жақсы білетіні туралы әңгімелеймін.

Оқу іс-әрекетінде адамгершілік тәрбиенің әдістерін тиімді қолдана білу біздің балаларымыздың кешенді тәрбиесі міндеттерін толық шешуге мүмкіндік береді.

Педагогтардың алдында тәрбиеленуші біздің қоғамның лайықты азаматы болып өсуі үшін баланың, оның жеке қабілеттерінің жан-жақты дамуы үшін табиғатты негізгі құралдардың бірі ету міндеті тұр.

М.Пришвиннің мына данышпан сөздерімен мен де келісемін: «Өзіңнің туған жеріңе өз тұсыңнан қандай да бір үлес қоссаң, сол - сенің Отаның!»



**Мейрамгүл АБАТОВА,
Маңғыстау облысының
Жаңаөзен қаласындағы
№10 орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.**

ЖАҢА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ - БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ ШАРТЫ

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Жаңа он жылдық - жаңа экономикалық өрлеу-Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына жолдауында еліміздің алдағы он жылдықтағы өсіп-өркендеуі мен өрлеуінің өмірлік мәні бар өзекті бағыттары анықталған. Қазақстан халқы үшін,соның ішінде ұстаздар үшін де Елбасының жолдауы жаңа мүмкіндіктерге жол ашты.

Жолдаудағы: «2020 жылға қарай білім беру жүйесінің барлық деңгейлері жаңғыртылатын болады.Білім берудің әрбір деңгейінде білім алу, сондай-ақ кәсіби біліктілікті арттыру, адамның бүкіл өмір бойы тұрақты түрде жаңа білім мен дағдыларды алу мүмкіндіктері ұсынылады», - деген жолдардан мемлекет басшысының мемлекеттің, ұстаздың, қазақ тілінің мәртебесіне деген құрметін көреміз. Сонымен қатар, ұстаздарға сенім арта отырып, оларға мәртебелі міндеттер жүктейді.

«Халық пен халықты теңестіретін - білім» - деп қазақтың абызы Мұхтар Әуезов айтқандай, білім бәсекесіне бейім шәкірт тәрбиелеу – біздің өмірлік мақсатымыз. Осы орайда

ҚР «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті-ұлттық және азаматтық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдарға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттері көзделген. Бұл міндеттерді шешу үшін әрбір мұғалімнің ізденісі, жаңа тәжірибе, жаңа қарым-қатынасқа өту қажеттігі туындайды.

«Инновациялық технологияларды қолдана отырып оқыту- бұл таным әрекетін ұйымдастырудың арнаулы формасы. Мақсаты - оқу үрдісінің өнімділігін арттыру».

«Инновациялық технологиялар» тіркесі бүгінгі күні педогогикада, оқу-тәрбие үрдісінде ең жиі қолданылатын ұғым болып отыр. Белгілі ғалым М.М.Поташник: «Инновация-оқу бағдарламасын меңгертуде мұғалімнің оқытудың жаңа әдістемелері мен технологияларын тиімді игеруі»-деп анықтама берсе, Н.Ф.Талызина: «Инновациялық технологияларды қолданудағы негізгі міндет:сабақ үрдісінде белгіленген мақсатқа жетуде ең тиімді әдістерді таңдай білу»-деп анықтайды. Өздеріңізге таныс қазақ тілі мен әдебиет сабағында жиі қолданылып жүрген қазақстандық ғалым- педагогтардың еңбегіне тоқталсақ:

1) Ж.Қараевтың «Үш өлшемді әдістемелік жүйе» технологиясы оқушының да, мұғалімнің де шығармашылық қызметін дамытуға бағытталған. Деңгейлік тапсырмалар үш деңгейде беріледі.

1-деңгейдегі тапсырмалар «танып білу» және үлгіні қолдану арқылы орындалады;

2-деңгейдегі тапсырмалар өзгертілген және өткен сабаққа арналған тапсырмалар бойынша талдау, қорыту жасауға арналған;

3-деңгейдегі тапсырмалар - шығармашылық тапсырма, оқушылардың қабілеттерін ашу мақсатында беріледі.

Бағалау «ұпайлық» жүйемен жүзеге асырылып, «ашық журналға» «+» белгісімен белгіленеді.

2) Ж.Жеткізгеннің «Блоктап, топтап оқыту» әдісі және кесте плакаттары оқушыларға қазақ тілі грамматикасын меңгертудің ең тиімді жолы дер едім. Бір кесте плакаттан бүкіл бір тараудың мазмұнын ұғындырамыз.

3) Сыни тұрғыдан ойлау мен жазу (СТО) технологиясы - оқушылардың ақпараттық білімін дамыту құралы. Бұл әдісті қазақ тіліне де, әдебиет пәніне де қолдану мұғалімнің білімі мен шеберлігіне байланысты. Бұл әдіс 3 бөлімнен тұрады:

- а) Қызығушылығын ояту;
- ә) Мағынаны тану;
- б) Тақырып туралы ой -толғаныс.

Бірнеше стратегиялары бар.

Мен өзім осы әдіс бойынша 2003 жылы курстан өтіп, 2003-2005жылдар аралығында қала көлемінде тараттым.

Әр жылда 3 реттен 9 рет қалалық семинар сабақтар өтіп, педагогикалық оқуға қатыстым. Тамыз кеңесінде баяндама жасап, өтілген семинар сабақтарды жинақтап, кітапша шығарттым. Бұл әдіс - бала белсенділігін арттыруда, ұжыммен жұмыс жасауда және сөйлеу дағдыларын жетілдіруде ең тиімді әдіс дер едім.

4) Танымал ұстаз Н.Оразахынованың «Сатылай кешенді талдау» әдісін бүкіл қазақстандық ұстаздар өз тәжірибелерінде кеңінен қолдануда. Бұл әдіс тіл сабағында болсын, әдебиет сабағында болсын өз нәтижесін көрсетуде. Талдау жасай отырып оқушы өз ойын дәлелдеуге үйренеді, нақты, дәл жауап беруге тырысады, зерттеуге, салыстыруға жаттығады, өтілген жаңа тақырыптың қыр-сырын толық меңгереді.

5) Қазіргі таңда қазақ тілі мен әдебиет сабағында электронды оқулық, яғни, мультимедиялық оқулықтарды пайдалану-бала таным көкжиегін кеңейтуге, замана көшін сезінуге жетелейтін технология. Электронды оқулықпен оқытудың негізгі мақсаты-ақпараттың ізденіс қабілеті мен танымдық белсенділігін арттыру, ойлау жүйесін қалыптастыру, шығармашылықпен жұмыс істеуге жағдай жасау. Білім беру саласында қазіргі таңда мұғалімнің айтқаны мен оқулықты пайдалану заман талабын қанағаттандырмайды. Сондықтан ақпараттандыру қоғамында бұл оқулықтарды пайдаланбай алға жылжу мүмкін емес. Электронды оқулық оқушының уақытын үнемдейді, оқу материалдарын іздеп отырмай, өтілген және оқушының ұмытып қалған материалдарын еске түсіруге зор ықпал етеді. Қазақ тілі мен әдебиет сабағында кез келген тақырып бойынша тапсырма орындап, тестілер шешіп, жаттығулар орындауға дағдыланады. Әдебиет сабағында көлемді тақырып өткенде қосымша бейнехабар және клиптер қажетті элемент болып табылады. Электронды оқулық арқылы түрлі суреттер, көріністер, дыбыс және музыка арқылы көрсетуге болады. Мысалы, өз тәжірбиемнен: 8-сыныпта Ш.Құдайбердіұлының «Қалқаман-Мамыр» дастанын өткенде оқушылар 1-сабақта дастанның мазмұнын меңгерсе, келесі сабақта талдау жұмыстарын жүргіздік. Осы сабақты СТО әдісі бойынша топтап өттік, оқушы қызығушылығын ояту мақсатында интернеттен Шәкәрім Құдайбердіұлының өмірі мен шығармашылығы туралы толық мәлімет алдық және оқушыларды мәнерлеп, келістіріп оқуға жетелеу мақсатында Мамырдың Көкенайға айтқан сөзін тыңдаттым, Тамара Асардың орындауындағы Шәкәрімнің «Бұл ән бұрынғы әннен өзгереді» өлеңінің клипін көрсеттім. Ал «Мағынаны ашу» бөлімінде шығарманы талдау үшін 4 топқа 4 түрлі тапсырма бердім.

I топ образдар жүйесіне талдау жасады.

II топ поэтикалық тіліне талдау жасады.

III топ композициялық құрылымына талдау жасады.

IV топ өлең құрылысына талдау жасады.

Меңгерілуі қиын сабақтарды компьютердің көмегімен оқушыларға ұғындырса, жаңа тақырыпқа деген баланың құштарлығы оянады. Жаңа технологияларды меңгеру мұғалімнің зияткерлік, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу процесін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында жаңа технологияларды қолданса, біріншіден, мұғалім ұтады, яғни, ол сабақты тиімді ұйымдастыруға көмектеседі, оқушының пәнге деген қызығушылығы артады, екіншіден, оқушы ұтады, себебі оның тақырып бойынша танымы кеңейеді.

Еліміздің болашақ жастарына заман талабына сай білім беру-бүгінгі күннің басты талабы. Осы талапты орындау мақсатында ұстаздарға жүктелер міндет орасан зор.



Мақал - сөздің мәйегі

БІЛІМ ТУРАЛЫ

- Білімді өлсе - қағазда аты қалар,
Ұста өлсе - істеген заты қалар.
- Қына тасқа бітеді,
Білім басқа бітеді.
- Ақыл азбайды,
Білім тозбайды.
- Білгенің - бір тоғыз,
Білмегенің - тоқсан тоғыз.

Нұрсұлу ҚАЗБЕКҚЫЗЫ,
Петропавл қаласындағы
Бірінші қалалық жалпы
білім беретін лицейдің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

АБАЙДЫҢ ҚАРА СӨЗДЕРІН ОҚЫТУ

Сабақтың мақсаты: қазақ халқының ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының шығармашылығына шолу жасай отырып, оқушыларды оның философиялық тұжырымдары - қара сөздерімен таныстыру, ой-өрістерін кеңейту, рухани жан дүниелерін қалыптастыру.

Сабақтың міндеттері: оқушылардың мәнерлеп жатқа айту, түсініп, талдау дағдыларын дамыту. Абай атамыздың ұлылығын, оның қара сөздерінің тереңдігін сезіндіру, туған елін сүю, адамгершілік, еңбекқорлық, саналылыққа баулу.

Түрі: жаңа сабақ.

Әдіс-тәсілдері: мәнерлеп оқу, талдау, жатқа айту, салыстыру, аудару.

Көрнекілігі: компьютер, слайдтар, Абай Құнанбайұлының портреті, өлеңдер жинағы, «қара сөздері», Абай энциклопедиясы.

Сабақтың барысы: I. Ұйымдастыру кезеңі.

Оқушыларды түгелдеу, сабақтың мақсатын айту.

II. Мұғалімнің кіріспе сөзі:

- «Қол жазуды ермек ет, жатпа бекер,
Бұл көңілсіз дүниеден көп жыл өтер.
Өзі қысқа, өзі асау тентек өмір,

Арттағыға бір белгі қойса нетер?!» - деп ақын атамyz өзі айтқандай, бүгінгі сабақта біз Абай атамyzдың даналық қара сөздерімен танысамыз. Абай атамyz бізге өшпес мұра - өлеңдерін қалдырды, ендеше біз оны кім деп білеміз?

- Дұрыс айтасындар. Ақын. Ол қандай тақырыптарға өлең жазған? (оқушылар жауабы)

Жыл мезгілдері: «Жаз», «Қыс», «Күз», «Жазғытұрым» (слайд көрсетіледі)

- Тағы қандай тақырыптарға жазған өлеңдері бар?
- Ғылым, білім жайлы: «Әсемпаз болма әрнеге», «Білімдіден шыққан сөз», «Интернатта оқып жүр», «Ғылым таппай мақтанба», т.б. (Оқушылар оқиды)

- Абай атамyzды ақын ретінде есімізге түсірдік, оны тағы кім ретінде білеміз?

- Өнші, композитор.
- Қандай өлеңдеріне ән жазған?
«Көзімнің қарасы», «Желсіз түнде жарық ай», «Қараңғы түнде тау қалғып», т.б.

- Соңғы өлеңді кім жазған?
- Неміс ақыны Гете жазған, орыс ақыны М.Ю.Лермонтов орыс тіліне, Абай атамyz қазақ тіліне аударған. (слайд)

- Абай тағы кімнің шығармаларын қазақ тіліне аударған?
- А.С.Пушкин, И.А.Крыловтың шығармаларын.
- Сонымен, біз Абай атамyzды әрі аудармашы ретінде білеміз.

- Абай аудармасындағы «Қараңғы түнде тау қалғып» өлеңін «Досмұқасан» ансамблінің орындауында тыңдайық.

- Абай атамyzды әр қырынан таныдық, енді бүгінгі сабақта даналық қарасөздерімен танысамыз.

III. Жаңа сабақ.

«Қара сөздер» - қазақ әдебиетінде де, әлем әдебиетінде де жаңа жанр.

- Қара деген сөздің бірнеше мағынасы бар, оны мына сөз тіркестерінен көруге болады:

*Қара шаңырақ – отчий дом;
қара жұмыс – тяжелая работа;
қара басы – сам, выделение личности;
қара сөз – это не простые слова,* они отличаются от других слов своим содержанием, в них заключается философская мысль.

Осындай сөздер Абай атамызда бар. Жаңа тақырыпты дәптерлеріңе жазыңдар:

Абайдың қара сөздері.

1. Сөздік жұмысы (жазғызу, оқыту).

2. Отыз сегізінші қара сөзімен таныстыру (Мұғалім өзі мәнерлеп оқиды, қазақ-орыс тілінде).

- Тақырыбы қандай?

- Адамгершілік, мораль мәселелеріне арналған.

3. Мәтін бойынша сұрақ – жауап.

I топ - қазіргі ұрпақ, II топ – Абай атамыз. Қазіргі ұрпақ сұрақ қояды, Абай атамыз жауап береді. (Виртуальді түрде сөйлесеміз)

IV. Топпен жұмыс.

I топқа: 1 абзацты оқып, одан адамға керекті жақсы қасиеттерді теріп жазу.

II топқа: мәтіннің екінші бөлімінен адам неден аулақ болу керек немесе адамға жақын болатын қасиеттерді теріп жазу.

III топқа: күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсені дәптерге теріп жазу.

(Жауаптарын әр топтан бір оқушы оқып береді).

- Абай атамыздың қандай өлеңінде адамның жақсы және жаман қасиеттері жөнінде айтылған?

- Дұрыс, «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде.

V. Қорытынды.

Оқушылардың өздері дайындап келген сөздерін тыңдайық. 7-ші, 19-шы, 38-ші сөздер жатқа айтылып, түсіндіріледі.

VI. Сабақты бекіту. Абай атамыз бұл сөздерін бізге не үшін жазған? Неге қалдырған? Қара сөздердің тақырыбы әралуан. Біз үшін ең қажеттісі: «оқу керек, оқығанды көңілге тоқи білу керек, білім алу үшін талап керек». Жақсыға жақын, жаманнан қашық болу керек. Сонымен, Абайдың қара сөздерін тану арқылы біз оны кім деп білдік?

- Ұлы дана, философ деп білдік. Абайдың қара сөздері – көркем әңгіме емес, даналық сөздер, ғылымдық, философиялық шолулар.

VII. Үйге тапсырма: «Абай – ұлы ойшыл» атты тақырыбына эссе жазу.



Айжан ТӘТТІБАЕВА,
Солтүстік Қазақстан облысының
Петропавл қаласындағы
№26 орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

СҮЙІНБАЙ АРОНҰЛЫ. «ЖАҚСЫ МЕН ЖАМАН АДАМНЫҢ ҚАСИЕТТЕРІ»

Сабақтың мақсаты: *білімділік* – Жетісудың атақты ақыны Сүйінбай Аронұлының өмірі, шығармашылығы туралы мәлімет беру; «Жақсы мен жаман адамның қасиеттері» өлеңінің мәнін ұғындыру; *тәрбиелік* – ақынның өлеңіндегі негізгі идеяны таныта отырып, жақсы қасиеттерді бойға сіңіріп, жаман қасиеттерден аулақ болуға тәрбиелеу;

дамытушылық – оқушылардың оқығанынан өзіндік ой түйю, пікірін дәлелдей білу қабілеттерін дамыту.

Әдіс-тәсілдер: түсіндірмелі оқу, талдау, әңгімелеу, тыңдау, интерактивті оқыту әдістері.

Көрнекі құралдар: Сүйінбай Аронұлының портреті.

Түрі: дәстүрлі сабақ, жаңа білімді игеру сабағы.

Сабақтың барысы: I. Ұйымдастыру кезеңі:

(оқушылармен амандасу) 1-слайд

II. Ұй тапсырмасын тексеру.

Дулат Бабатайұлы. 2-слайд.

А) Өмірі мен шығармашылығы;

Ә) Өлеңіне талдау жасау;

Б) Өленді мәнерлеп оқу;

В) Өлең бойынша сұрақтарға жауап беру.

Сұрақтар: 3-слайд.

1. «О, Ақтан жас, Ақтан жас» өлеңінде кім туралы айтылады?

2. Өлеңдегі кейіпкер кім?

3. Ақтанның тағдыры арқылы кімнің тағдыры туралы айтылады?

4. Өлеңде қандай сөздер жиі кездеседі?

5. Ақын кімнің болашағына сенеді?

6. Ақын өлеңде жастарға қандай тілек айтады?

III. Жаңа сабақ.

1. Мұғалімнің кіріспе сөзі. (Мұғалім кіріспе сөзінде Сүйінбай Аронұлының өмірі мен шығармашылығына шолу жасайды) 4-слайд.

- Сүйінбай Аронұлы 1815 жылы Алматы облысының Жамбыл ауданындағы Сүйінбай ауылында дүниеге келген. Сүйінбай – ақын, айтыс өнерінің жүйрігі. Оның арғы атасы Құсет Жиенқұлұлы батыр, ақын және шебер қобызшы болған.

Сүйінбай - әлемге әйгілі Жамбылдың ұстазы. Жамбыл Сүйінбайды «пірім» деп атаған.

Сүйінбай ақындар айтысының, батырлық эпостың тамаша жыршысы болған. Халық қамын көздеген Қарасай, Сұраншы, Саурық батырлар туралы дастандар шығарған. Ол қырғыз ақыны Қатаған ақынмен, Тезек төремен айтысқан.

Бұл айтыстардан Сүйінбайдың тапқырлығы, турашылдығы, үстем тап озбырлығын сынаған қайсарлығы айқын көрінеді.

1972 жылы Әбілхан Қастеев Сүйінбайдың портретін салды. Сүйінбайдың асыл сөздерін, өлеңдерін, асқақ өнерін кейінгі ұрпақ аса жоғары бағалады. Сүйінбай Аронұлының алғашқы шығармалар жинағын баспаға дайындаған І.Жансүгіров, ол екінші рет 1976 жылы шықты.

Сүйінбай Аронұлының шешендік нақыл сөздері, болыс-билерге арналған сықақ өлеңдері де бар.(«Мақсұтқа», «Қасымға», «Жетісу билеріне», «Болыстарға баға», т.б.).

2. Сүйінбай Аронұлының «Жақсы және жаман адамның қасиеттері» деген өлеңі бар. Бұл өлеңде ақын қарама-қарсы құбылыстарды салыстыра сипаттау арқылы жақсылыққа тәрбиелейді. (Өлеңді мұғалім мәнерлеп оқыған соң, сөздік жұмысын жүргізеді). 5-слайд.

3. Өлеңнің мазмұнын түсіндіру барысында «сақ тұрады», «қыранның баласы», «ел ағасы», «көкірегі көр», «көкірегі ояу», «ажырайды» сөздері мен сөз тіркестерінің мағынасын ашылады.

Жоғарыда талданған сөз тіркестермен сөздерді дәптерлеріне жазғызамыз. 6-слайд.

сақ тұрады - не говорит по пусту;
қыранның баласы - орленок;
ел ағасы - уважаемый человек;
көкірегі көр - темная душа;
ажырайды - айырмашылық – разница;

IV. Дамытушылық кезеңі:



1. Өлеңді оқи отыра, алғашқы үш шумағындағы дауыссыз дыбыстардың үндесуіне (әр өлең жолы «Ж» дауыссыз дыбысынан басталып тұр) балалардың көңілін аудартамыз, бұл да жыраулар шығармаларының құрылысындағы өте жиі кездесетін ерекшеліктер болып табылатыны айтылады.
7-слайд.

2. Толғауды оқушыларға оқытып, жаңа сөздер мен сөз тіркестеріне сүйене отырып, мазмұнын түсіну. Өлеңнің негізгі идеясы айтылғаннан кейін жақсы мен жаман адамның қасиеттері төмендегі кестедегі екі бағанға теріп жазылады:

8-слайд

Жақсы адамның қасиеттері	Жаман адамның қасиеттері
1. Жақсы жігіт сөзіне сақ тұрады...	1. Жаманның көкірегі көр, көзі соқыр...
2. Жақсы жігіт елінің ағасы сияқты...	2. Жаманның өтірігі, өсегі көп...
3.	3.
4.	4.

3. Сүйінбай Аронұлының толғауы бойынша жақсы және жаман адамның қасиеттерін ажыратып, анықтағаннан кейін, оқушылар өз түсініктері бойынша кластер толтырады. (Оқушылар екі топқа бөлініп, екі кластер толтырады).
9-слайд:



V. Бекіту: 10-слайд.

- Сүйінбай кім?
- Қашан және қайда дүниеге келді?
- Сүйінбай кімнің ұстазы?

- Біз танысқан өлеңі қалай аталады?
- Не туралы?
- Сүйінбайдың жырлауында жақсы жігіт қандай?
- Сүйінбайдың жырлауында жаман жігіт қандай?

VI. Бағалау.

VII. Үйге тапсырма беру:

VIII. Қорытынды.



Нұргүл ШАЯХМЕТОВА,
Алматы қаласындағы
№90 лицейдің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

АБАЙДЫҢ «ОТЫЗ СЕГІЗІНШІ ҚАРА СӨЗІ»

(7-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – Абайдың қара сөздерінің тәрбиелік мағынасын ашып, өмір шындығын таныту. «Отыз сегізінші сөздің» мазмұнын ашып, өз ойларын жеткізе білу; **дамытушылық** – оқушылардың Абай сөздерін ұғып, есте сақтау қабілеттерін дамыту, білімділік және біліктілік дағдыларын арттыру; **тәрбиелік** – Абайдың қара сөздерінен тәрбие ала отырып, адамгершіліктің асыл қасиеттеріне баулу.

Сабақтың түрі: оқып, аудару, сұрақ-жауап, топтасу.

Әдісі: білім және іс-әрекет амалдарын жетілдіру, топтасу стратегиясы.

Сабақтың дидактикалық ұйымдастыру кезеңі: слайд, суреттер, Энциклопедия, тірек-сызба.

Сабақтың барысы: I. Ұйымдастыру кезеңі.

- Сәлемдесу, оқушыларды түгелдеу;
- Сабақтың мақсат-міндетін түсіндіру.

Фонетикалық жұмыс:

Пайда ойлама, ар ойла,
Талап қыл артық білуге.
Артық білім - кітапта,
Ерінбей оқып көруге.

а) оқып, аудару;

б) мағынасын түсіндіру.

II. Үй тапсырмасын тексеру.

Шығармашылық топтар дайындап келген тапсырмаларын айтады

1-топ - Абай - ақын (өлеңдерін жаттайды);


2-топ - Абай - аудармашы;

3-топ - Абай - сазгер, қарасөзі.

1. Мұғалім сөзі:

- Абай Құнанбаевтың өлеңдері, поэмалары мен аудармаларынан басқа да еңбектері бар. Ол - қара сөздер. Абайдың толық жинағында 1890 жыл мен 1898 жыл арасында жазылған бір алуан шығармалары «қара сөздер» деп аталады. Жалпы саны 45. Оның 6-7 үлгісі қысқа келеді: 16, 18, 19, 20, 24, 31, 45 сөздері. 45 сөздің ішінде ең көлемдісі, дін, моральді мәселелеріндегі, бір үлкен ой-толғауы бар қарасөз - 38 сөз. Абай бұл сөздің соңында моральдық мәселелерге тоқталған.

Оқушылар дәптерлеріне тірек-сызба сызады.



2) Жаңа сөздермен танысу:

кәмалатты – совершенный;

талап қылу – стремление;

қарызды іс – дела долга;

достық мақамында – в дружеском мотиве;

аулақ болмақ – избегать;

жағасында тұрып – стоять на окраине;

қор тұтпақ – унизить;

күншілік қозғайды – возбуждив зависть;

көңіл тыныштығы – спокойствие души;

залымдық – злодейство;

жігерсіздік – безволие;

дұшпан – враг.

3) Синонимдер келтіру:

құдайтағала - құдай, тәңір;

достық мақамында - достық ниетінде;

бойын жимақтық - аулақ болу;

күншілік - көре алмау;

көңілге талап салады- іздендіреді;

һәм - және.

Дәптерге жазу.

Жаңа білім, іс-әрекет амалдарын тексеру кезеңі.

1. Мәтінді оқып, аудару.
2. Ең бастысын айта білу.

38-сөзінде адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар, олар:

Надандық - білім-ғылымның жоқтығы, хайуандық.

Еріншектік - өнердің дұшпаны, талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік.

Залымдық - дұшпан.

3. Надандық, еріншектік, залымдық сөздерін қалай түсінетіндерін дәптерлеріне жазу.

4. - Адам неден аулақ болу керек?

Жаманшылықтан, қастық қылудан, кемітуден, т.б.

Жаңа білім және іс-әрекет амалдарын қорыту:

- Қара сөз дегеніміз не?
- Абайдың қанша қара сөзі бар?
- «Отыз сегізінші сөзі» не туралы?
- Надандық деген не?
- Еріншектік деген не?
- Залымдық деген не?

Бақылау кезеңі: оқушылардың белсенді әрекеттерін бақылау.

Түзету кезеңі: Жауап беру барысында қателерін түзету.

Үй тапсырмасы жайында мәлімет:

1-деңгей: «Отыз сегізінші сөзіне» өз ойларын жазып келу.

2-деңгей: «Отыз сегізінші қара сөзді» әңгімелеу, жаңа сөздерді жаттау.



Мереке ӘДІЛХАНҚЫЗЫ,
№ 11 орта мектептің қазақ тілі
мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.
Анна МАРУХИНА,
орыс тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

Шығыс Қазақстан облысы.
Зырян ауданы,
Зырян қаласы.

АБАЙ - ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ШАМШЫРАҒЫ

Сабақтың мақсаты: 1. Абай Құнанбайұлының өмірбаянымен, еңбектерімен танысып, Абай туралы толық мағлұмат беру.

2. Абайдың ақын, аудармашы, лирик, сазгер екенін дәлелдейтін еңбектерін екі тілде мәнерлеп оқып, мысалдар келтіру.

3. Абайдың ұлылығын терең сездіру, қоршаған табиғатты қорғауға тәрбиелеу. Абайдың қара сөздерінен тәрбие алып адамгершілік қасиеттерге баулу. Қазақ және орыс, яғни, екі халықтың достығын нығайтып, тілді дамытуға үлес қосу.

Көрнекіліктер: Абайдың еңбектері, портреті, компьютер, 5 беттен тұратын буклет, ұлттық аспаптар, ақын туралы жазылған қанатты сөздер, ақын шығармашылығына арналған шағын көрме.

Әдістер: сұрақ-жауап, кластер әдісі, әңгімелеу, жатқа айту

Сабақтың түрі: ауызша журнал.

Сабақ барысы: Ұйымдастыру. Абайдың бір өлеңінен үзінді оқып, балалардың назарын аудару.

Мұғалімнің кіріспе сөзі: - Бүкіл еліміз болып әлем таныған данышпан ақынымыз Абай Құнанбайұлының 165 жылдығын тамыз айының 10-нан бастап тойлап, атап өтіп

жатыр. Бүгін біз де «Тілдер күнін» атап өтумен қатар, Абайдың 165 жылдығын атап өткелі жиналып отырмыз.

Өткізілгелі отырған ауызша журналымыздың мақсаты:

Абайдың тілінде және Пушкиннің тілінде Абай Құнанбайұлының өмірбаянымен, еңбектерімен танысу. Абайдың қара сөздерінен тәлім-тәрбие алып, тәрбиелі, ақылды, білімді болуға тырысу. Журнал 5 беттен тұрады.

Мұғалім: - Жүрегімнің түбіне терең бойла,
Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла.
Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім,
Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма.

Журналдың 1 – беті: **Абайдың өмірбаяны, балалық шағы.**

• **Абай Құнанбайұлы (шын есімі - Ибраһим) - 1845** жылы 10 тамызда Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданында дүниеге келген. Абай – ұлы ақын, сазгер, аудармашы, философ, ағартушы, қазақтың жазба әдебиетінің негізін қалаушы. Абайдың әкесі – Құнанбай, анасы – Ұлжан, әжесі – Зере. (Рамиль орыс тілінде айтады) - Слайдтар.

• Абай – өңі қара торы, екі көзі тостағандай, әрі өткір, кең маңдайлы, орта бойлы бала болатын. Мінезі ширақ, өткір, ұғымтал және зерек болған. Абай әжесі Зеренің тәрбиесінде болған. (Алексей орыс тілінде айтады) - Слайдтар.

• 1-беттің қорытындысы. Мұғалім: - *Абай балалық кезінде ақылды, көп оқыған, ерінбейтін бала болған. Мен сендерге Абайдың осы қасиеттерін тілеймін.*

Журналдың 2-беті: **Абай - лирик ақын.**

• Абай 12 жасынан бастап өлең жазған. Абайдың табиғат лирикасы, әсіресе, жылдың 4 мезгілін суреттейтін өлеңдері – күшті ақындық шеберлікпен, зор мәдениеттілікпен жазылған аса сұлу, сырлы жырлар. (Юлия орыс тілінде айтады) - Слайдтар.

- Оқушылар 2 тілде «Күз», «Қыс», «Жазғытұры», «Жаз» өлеңдерін мәнерлеп оқиды.

- Қорытынды. Мұғалім: - Абай ақын сияқты өлең шығаруға тырысыңдар!

Жұрналдың 3-беті: **Абай – аудармашы.**

- Абай Құнанбаев 1886 жылдан бастап Крылов, Пушкин, Лермонтовтың шығармаларын қазақ тіліне аударған. Слайдтар.

- **Мұғалім:** - Абай 1892 жылы «Қараңғы түнде тау қалғып» өлеңін М.Ю.Лермонтовтың «Из Гете» өлеңінен аударған.

- «Қараңғы түнде тау қалғып» өлеңі:

Қараңғы түнде тау қалғып,

Ұйқыға кетер балбырап.

Даланы жым-жырт, дел-сал ғып,

Түн басады салбырап.

Шаң шығармас жол-дағы

Сілкіне алмас жапырақ

Тұншығарсың сен-дағы,

Сабыр қылсаң азырақ.

Алексей: - Горные вершины,

Спят во тьме ночной.

Тихие долины,

Полны свежей мглой.

Не пылит дорога,

Не дрожат листы.

Подожди немного,

Отдохнешь и ты.

- Жұрналдың 3-бетінің қорытындысы. **Мұғалім:** - Абай Құнанбайұлы қазақ және орыс мәдениетін жақындастырған аудармашы. Сендер де Абай атамыздай орыс тілінен қазақ тіліне, ағылшын, т.б. тілдерге еркін аударма жасап, мемлекеттік тілімізді жақсы білуге

талаптаныңдар.

- Журналдың 4-беті « **Абай – сазгер**» деп аталады.

Мұғалім: - Абай - ақын ғана емес, сонымен бірге, сазгер - қазақтың халық музыкасын терең білген адам.

Абайдың табиғатты суреттейтін өлеңдерінің ішінде «Желсіз түнде жарық ай» өлеңінің орны ерекше. Өлеңде айлы түн мен жайлаудағы елдің түнгі тіршілігінің сұлу да сырлы көріністері табиғи қалпында суреттелген. Өлең 1888 жылы жазылған.

Мұғалім: - «Құлақтан кіріп бойды алар,

Жақсы ән мен тәтті күй» демекші, енді Абайдың әндерін тыңдайық. Ұнтаспадан «Желсіз түнде жарық ай» әнін оқушылармен бірге орындау. Елизавета скрипкада орындайды. Абайдың «Көзімнің қарасы» әні.

• 4-беттің қорытындысы. **Мұғалім:** «*Ән-күйсіз адам өмірін елестету қиын*» деген екен Абай Құнанбайұлы, олай болса ән мен күйді сүйіп, айтып үйренуге тырысайық.

- Журналдың 5 беті: **Абай – философ.**

- Абайдың қара сөздері 1890-1898 жылдары жазылған.

Абайдың қара сөздерінің саны - 45.

• **Мұғалім:** - Абай - философ, оған дәлел - оның жазған 45 қарасөздері. Енді Абайдың қара сөздерінен үзінді тыңдайық.

Абайдың бір өлеңі ұнтаспадан ақырын ойнап тұрады, слайдтар көрсетіледі. Ұнтаспада екі тілде жазылған қара сөздерді тыңдау.

• **18-қара сөзі:** - Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрселермен оздым демектің бәрі де - ақымақтық.

• **34-қара сөзі:** - Адам баласына – адам баласының бәрі дос.

• **38-қара сөзі:** - Күллі адам баласын қор қылатын 3 нәрсе бар. Содан қашпақ керек. Әуелі – **надандық**,

екіншісі – еріншектік, үшіншісі – залымдық деп білерсің.

- **45-қара сөзі:** - Адамшылықтың алды - **махаббат, әділет, сезім.** Бұл әділет, сезім, махаббат кімде көбірек болса, ол кісі – **ғалым, сол – ақыл.**

- 5-беттің қорытындысы: *Ибраһим мырза - данышпан философ кісі болған.*

- **Мұғалім:** - Абайдың мақсаты: наданды өнерлі, ақылсызды ақылды, жалқауды еңбекқор, епсізді епті, берекесізді берекелі ету еді. Сондықтан да біз – сендер мен біздер Абай атамыздың асқақ арманын жүзеге асыруымыз керек. «Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» демекші, Абай – бізбен мәңгі, ол - өлмек емес!

- **22 қыркүйек - «Тіл» күні екендігі туралы мәлімдеу, мақал-мәтелдерді оқып, аудару, мағыналарын түсіндіру.**

- Игі істің басы – тіл,

Тәрбие басы – тіл.

- Начало доброго дела – язык.

Начало воспитания – язык. *(М.Қашқари)*

- **Қорытынды.** Абайдың білім алған жерлері, мұрағаты, отбасы, достары, т.б. туралы слайдтар көрсету.

Мұғалім: - Ақын, дана болам десендер, Абайды оқып таныңдар. Тәрбиелі, өнегелі болам десендер, қара сөздің мағынасын түсініңдер. Ал, тілді жақсы білсем десендер, Абайдың, Пушкиннің, Гетенің тілін үйреніңдер.

Үйге тапсырма: Абай Құнанбайұлы туралы әр түрлі тақырыпқа реферат жазып келу, тірек-сызбалар құрастыру.



Құралай БАЛАБЕКОВА,
Қапшағай қаласындағы
Шоқан Уәлиханов атындағы
№2 гимназияның
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ҚЫЗЫҒЫ КӨП МҰХИТТАР

(11-сынып)

*Балаға өз бетімен зерттеуге мүмкіндік
туғызған сайын одан әрі жақсы оқи түседі.*

Сабақтың мақсаты: білімділік – тақырыпты ашу үшін ғылымның жағрапия, химия, биология, экология, экономика саласымен байланыстыра ашып, ғылыми түрде жан-жақты мәлімет беру; **дамытушылық** – оқушылардың ой-қиялына ерік бере отырып, ойын өз бетінше түйіндеуге бағыттау, шығармашылық қабілеттерін дамыту, белсенділіктерін арттыру, жазбаша, ауызша тапсырмалар арқылы ойын жүйелі, ғылыми стильде дұрыс сөйлеп, оны дәлелдеуге дағдыландыру; **тәрбиелік** – табиғаттың қадір-қасиетін танытып, табиғатты бағалауға ықпал ету.

Түрі: жаңа тақырыпты меңгерту.

Әдісі: ойната отырып оқыту әдісі, деңгейлеп оқыту технологиясы, модульдік технология, сыни тұрғыдан ойлау технологиясы, ізденіс әдісі.

Жұмыс формалары: ұжымдық, жекелей, топтық.

Көрнекіліктер мен құралдар: интерактивтік тақта, оқушы ойы бойынша слайдтар, музыка, глобус, карта.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі.
2. Сабақтың мақсатымен таныстыру.

Мұғалім: - I тарауда қандай жаңалықтарымен таныс болдық, балалар?

Оқушы: (карта, глобусты көрсетіп) - «Қасиетті Жер – Ананың құрлықтағы мекені», «Елдер», «Киелі қазақ жері» сияқты тақырыптарды өттік. Әлемнің $\frac{3}{4}$ бөлігінің 4 бөлігін құрлық, ал 3 бөлігін су құрайды.

- Ал, осы тараудан поэзияның қандай сырлы да сұлу үнін естідік, еске түсіріп көрелік..

Оқушы өлеңді жатқа айтады.

Интерактивті тақтадан толқындар үнін естірту.

Ой қозғау. - Күшті, үлкен толқындар қайда болады?

Ойната отырып оқыту әдісі арқылы «Жоғалған әріп» ойынын жүргізу.

- Берілген сөздердің қатесін табыңдар және осы сөздерден тірек сөз құрастырыңдар.

Ғұлыр, бұйым, руғани, реза, көмірдек, құрмет_ейді, қоноқ_үй, мұрра

- Олай болса, бүгінгі сабағымыздың тақырыбы: «Қызығы көп мұхиттар».

Ассоциация құру. - «Мұхит» сөзін естігенде көз алдымызға не елестейді? Оқушы жауабы.

- Табиғаттың кішкентай бір бөлшегін көріп тұрмыз, енді бір сәт табиғат әлемімен сырласайық.

- Қане, балалар, табиғат туралы өлеңді кім жатқа айтып бере алады?

Модульдік технология бойынша мәтінмен танысу.

Жаңа сабақ.

Мақсаты: 1. Мәтінді мәнерлеп, түсініп, дұрыс оқу.

2. Нені білдік? (оқушы ойлары) «Мұхит үстіндегі сұрақтар».

Мұхиттың
табиғатқа әсері

Мұхит суында қандай
химиялық элементтер
бар?

?????= бөлшектері

Мұхит суы қандай?

3. Жаңа сөздер әлемінде (Кит суреті арқылы беру)

1=? төрттен үш бөлігі

2=? тіршілік үшін

3=? мұхит бөлшектері

4=? күн жылуын жинайды

5=? ылғал береді

6=? теңіз өнімдерінің

7=? судың құрамына (сөз тіркестері арқылы ауызша
сөйлем құрау)

- Ал, енді «Инсерт картасына» назар аударайық. «Мұхит-
тар» мәтінін зерттеу үшін біз қандай зерттеу жұмыстарын
тауып, ізденуіміз қажет еді? Әрқайсымыз өзіміздің
шығармашылық жұмысымызға бір сәт көңіл аударайық.

Сыни тұрғыдан ойлау технологиясы бойынша:
«Толқындар үні»

Білемін	Білгім келеді	Қызықтырады	Зерттеймін
Мұхиттар туралы	Мұхитта тағы қандай қазына, байлықтар бар екен?	Ғылым жаңалықтары: А) жағрапия; В) биология; С) экология; Д) химия; Е) экономика.	? ? ? ? ?

Шығармашылық топ жұмыс істейді (дәлелдеулер).

Эколог: - Бүгінгі күнде органикалық заттардың жаппай
ластануы көңілді алаңдатады. Мұхиттарға құятын сулардың

таза болып келмеуінен су ластанады. Нақтылап айтатын болсақ, жылына мұхитқа 300-380 миллион тонна ластанған органикалық зат түседі.

Соның нәтижесінде заттар мұхиттың түбіне түсіп, шіриді. Шіріген қосылыстан улы заттар бөлінеді, анықтап айтқанда, судың ластануына көп әсерін тигізеді.

1826 жылы француздың жас химигі А.Баляр теңіз суларындағы химиялық қосылыстарға көңіл бөлді. Ол тұздың тұнбасын хлормен араластырғанда сұйықтық алқызыл түске боялды, оның жағымсыз иісі болады. Бром химиялық элементі осылай табылған болатын.

Жағрапия. 2000 жылы 4 мұхиттан басқа тағы бір мұхит болады деген заң қабылданды. Ол Оңтүстік мұхит деп аталады. Тынық мұхиттың солтүстік жағында «Үлкен қоқыс таңбасы» деп аталатын аймақ бар. Бұл жерде мұхиттардың астындағы ағыстардың әсерінен Азия мен Африка құрлықтарынан көптеген қоқыстар ағып келген. Мұнда 100 тоннаға жуық қоқыс жиналған.

Антарктида суының тұздылығы теңіз суына қарағанда 10 есе көп. Бұл көл Цельсий бойынша 50 градус суықта ғана мұз болып қатады.

Теңіз суы Цельсий бойынша 19 градуста қатады. Кей кездерде су жылы температурада да қатады.

«Су – біздің өмір тіршілігіміз»

Сулы жер – нулы жер.

Су – тіршілік көзі.

- Кім суға байланысты тыйым сөздер біледі?

1. Құдыққа түкірме.

2. Кірдің суын өзенге төкпе.

3. Түнде суға барма.

4. Адамға су шашпа.

5. Судың бетін ашық қалдырма.




Оқулықпен жұмыс. Мәтіндегі сөйлем бойынша сөз та-

бын шығару. 1. 2. 3. 4. 5. 6. 7. 8. 9. = табу керек

Грамматикалық тапсырмалар:

1. Әлемнің төрт бағытын атаңдар.
2. *Әлем* сөзінің синонимдік қатарын анықтаңдар.
3. Баяндауышы қалау райдан жасалсын.

Мен / есейгенде / үлкен / мұхитты / көру.



- Ал, енді мына суретке қарап отырып, әңгіме құрауға ат салысайық.

Ертеде бір қарияның үш ұлы болыпты. Олар әкелерін өте құрметтепті. Әкелері үшін «денсаулықтың мекенін» іздейді.

Үлкен ұлы денсаулықтың мекенін табиғаттың «Саялы орманынан», ортаншы ұлы «Таза көлді» елінен, кіші ұлы «Көрікті жер» елінен іздеп табады.

Балалары әкелеріне осындай үлкен сый-құрмет жасайды.

Адам қашан да табиғат әсемдігіне, сұлулығына тамсанған, таңданған, қуанып, шабыт алған және қамқорлық жасаған. Біз - ХХІ ғасырдың жастары табиғат байлығын қорғап, келесі ұрпаққа аман-есен тапсыруымыз керек. Бұл жұмыс қазіргі таңда «Өзін-өзі тану» пәні бойынша оқытуға енгізілді.

Үйге: «Мұхиттар сыры» тақырыбына эссе жазу.

Бағалау.

Райхан ЕСКЕНДІРОВА,
Астана қаласындағы
№31 мектеп-гимназияның
мұғалімі.

ГРАММАТИКАНЫ ҚАЙТАЛАТҚАН ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ТАҒАМДАРЫ

Сабақтың мақсаты: «Қазақтың ұлттық тағамдары» тақырыбы бойынша алған білімдерін тексеру, оқушылардың тілін дамыту, тыңдай білуді және оймен бөлісуді үйрету, грамматиканы қайталау, қазақ халқының салт-дәстүрлері арқылы қазақ тілін үйренудің тұрақты қызығушылығын дамыту.

Түрі: дәстүрлі емес сабақ. Оқыта үйрету ойыны.

Типі: қайталау сабағы.

Әдісі: модульдік технология.

Көрнекілігі: интерактивтік тақта, «Шашу» кәмпиті, ортақ бағалау парағы, фишкалар, конкурс тапсырмалары.

Ұжымдастыру формасы: топтық жұмыс.

Сабақтың барысы:

I. Мұғалімнің сөзі: - Сәлеметсіңдер ме? Отырыңдар.

II. - Біздің әр өткен сабағымыз - қуаныш. Ал қуанышта кеңпейіл халқымыз не істеген?...

- Шашу шашқан.

- Шашу дегеніміз не? Ол - тілек, береке. Біз де береке тілеп, шашу шашайық. (Шашу шашылады).

- Кәмпитті жай ғана жемей, менің сұрақтарыма жауап беріңдер.

- Бүгін кім кезекші?

- Сыныпта кім жоқ?...

- Бүгін нешесі?

- Аптаның қай күні?

III. - Балалар! Көздеріңді жұмыңдар. Мен сендерге бір азық-түлік беремін, оның иісінен не екенін анықтаңдар.

Оқушылар жауабы: - Қымыз.

- Қымыз туралы кім біледі?

- Қымыз неге жатады? ...(Қазақтың ұлттық тағамдарына).

Сабақтың тақырыбы және мақсатымен таныстыру.

IV. Оқушылар екі топқа **Сусындар, Тағамдар** болып бөлінеді. Ойынның мақсатымен, шартымен таныстыру.

- Ендеше, бүгінгі «Бақытты сәт» ойынымызды бастайық.

I гейм. «Бой сергіту». Команданың әр мүшесіне кәртішке беріліп, дайындыққа 1 минут уақыт бөлінеді. 1 минут уақыттан кейін әрқайсысы жауап беріп, сәйкес фишка алады.

«Сусындар» тобына берілген сұрақтар:

1. Қазақтың ұлттық тағамдарын ата? (Шұжық, бесбармақ, қазы, қарта, т.б.)

2. Шұжық ненің етінен жасалады? (қой, сиыр, түйе, жылқы етінен)

3. Сенің сүйікті тамағың не? (...)

4. Қазақтың басты ұлттық тағамы не? (ет)

5. Қымыз ненің сүті? (биенің сүті)

6. Сүт тағамдарын ата? (шұбат, айран, қымыз, т.б.)

«Тағамдар» тобына берілген сұрақтар:

1. Айран ненің сүтінен жасалады? (сиыр сүтінен)

2. Қазы, қарта, жая ненің еті? (жылқы еті)

3. Бесбармаққа ненің етін салады? (жылқы, сиыр, қой, түйе етін)

4. Жылқы етінің қандай ерекшелігі бар? (жылқының еті қатпайды, майы тоңазымайды)

5. Құрт неден жасалады? (сүттен)

6. Сенің сүйікті тағамың не? (...)

II гейм. «Шашылған бауырсақтар».

Тапсырмалар жазылған кәртiшкелер:

1. Мына сөйлемдi аудар:

Из мяса конины готовят казы-карта. (Жылқының етiнен казы-карта дайындайды.)

2. Баяндауыш қандай сұраққа жауап бередi? (баяндауыш кім? не? деген сұраққа жауап бередi.)

3. Мына сөйлемдi аудар:

Творог, курт, масло - молочные блюда. (Сүт тағамдары - ірімшік, сүт, құрт, май.)

4. Мақал-мәтелдiң аудармасын дұрыс айт:

Когда в семье лад, все вкусно подряд. (Тату үйдiң тамағы тәтті.)

5. Мақал-мәтелдi аяқта: Ат-адамның қанаты, (ас - адамның қуаты.)

6. Сөйлем мүшелерiн ата. (Бастауыш, баяндауыш, толықтауыш, анықтауыш, пысықтауыш)

7. Бастауыш, баяндауыш қандай сөйлем мүшелерi? (тұрлаулы)

8. Толықтауыш, анықтауыш, пысықтауыш қандай сөйлем мүшелерi? (тұрлаусыз)

9. Қазақтың ұлттық дастарқанында тамақтардың негiзгi үш түрi бар. Оларды ата? (ет, сүт, нан тағамдары)

10. Мына сөздердi аудар: еда, пища - (дәм)

не попробовав - (ауыз тимей); гость - (қонақ); гостеприимство - (қонақжайлылық).

11. Қазақ тiлiнде неше шақ бар? (өткен шақ, келер шақ, осы шақ.)

12. Мына сөйлемдi аудар: *В Казахстане есть санаторий, где лечат кумысом.* (Қазақстанда қымызбен емдейтiн санаторий бар).

III гейм. Фонетика әлемiнде.

Мұғалiм тақтаға әр командаға екi сөйлем жазады. Сөйлемдерде дауысты, дауыссыз дыбыстар түсiрiлiп

жазылады.

«Сусындар» тобына:

1. Қаза...тың ұлт...ық та... амдары ал...ан түрлі.
2. Дастар...андағы д...м, та...амнан а...ыз тимей кетуге болмайды.

«Тағамдар» тобына:

1. Тамақ ішуге шақыр...анда, тама...ты к...п күтт...руге болмайды.
2. Қазақта дастар...аннан, д...мнен үлкен н...рсе жоқ.

IV гейм. «Сен маған, мен саған».

Үй тапсырмасы. Үйден ас туралы өлең жаттап келу.

V гейм. « Не дәмді?» ой толғауы.

Үй жұмысы: «Қазақтың ұлттық тағамдары» тақырыбына диалог құру.

Қорытынды.

Рефлексия: - Сонымен сабақты қорытындылайық:

- Ет тағамдарын атаңдар.
- Сүт тағамдарын атаңдар.
- Нан тағамдарын атаңдар.
- Жылқы, сиыр, түйе не береді?
- Шұжық неден жасалады?
- Ұлттық тағамдарды ата.

Бағалау парағы және жиналған фишкалар бойынша топтар бағаланады.



Дидар ОПАНОВА,
Петропавл қаласындағы
Бірінші қалалық жалпы
білім беретін лицейдің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТІН АРТТЫРҒАН ЖҰМБАҚТАР

Сабақтың мақсаты: жұмбақ туралы толық мәлімет беру, жұмбақ түрлерін меңгерту, жұмбақ - сөздің көркі екенін ұғындыру.

Міндеттері: жұмбақтар арқылы оқушыларды тапқырлыққа, байқағыштыққа үйрету, шығармашылық жұмыстар арқылы ойлау қабілетін арттыру, халық ауыз әдебиеті бойынша білімдерін тереңдету.

Әдісі: түсіндірмелі, сұрақ- жауап, топтастыру.

Пәнаралық байланыс: тарих, қазақ тілі.

Түрі: жаңа сабақ. **Типі:** дәстүрлі.

Көрнекілігі: сызба жұмбақты суреттер, пазл, әріпті жұмбақ, сканворд. Сөзжұмбақ, бәйтерек.

Сабақтың барысы. I. Ұйымдастыру кезеңі:

- Сәлеметсіздер ме, құрметті оқушылар, әріптестер.

Қазақ халық ауыз әдебиеті ұзақ ғасырлар бойы қалыптасқан. Халық өмірден жинаған бай тәжірибесін келесі ұрпаққа сөз өнерімен жеткізген. Халық ауыз әдебиеті түрлері кейін жазба әдебиетінің жан- жақты дамуына ықпал жасаған.

- Біз халық ауыз әдебиетінің қандай салаларын білеміз? Сызбаны толтырайық.



Жырлар: тұрмыс-салт жырлары, лиро-эпостық жырлар. Батырлар жыры, тарихи жырлар. **Ертегілер:** ғажайып, мал туралы, тұрмыс. **Мақал-мәтелдер:** тақырыптары, мысалдар келтіру, төрт түлік мал туралы мақалдарды еске түсіру; **Аңыз- әңгімелер:** шешендік сөздер, нақыл сөздер, қанатты сөздер, жұмбақтар.

- Ертегілер қандай түрлерге бөлінеді?

- Мақал- мәтелдердің түрлері қандай?

(пазл, домино) **ДОМИНО** ойыны.

Әдепті бала – арлы бала,

Әдепсіз бала – сорлы бала.

Оқу – білім бұлағы, білім – өмір шырағы.

Жалқаудың жаны - тәтті, еңбектің малы - тәтті.

Көп сөз – күміс, аз сөз – алтын.

Көп тыңда, аз сөйле.

Ашу – дұшпан, ақыл – дос.

Білекті бірді жығар, білімді мыңды жығар.

Ақыл – азбайды, білім – тозбайды.

Еңбек етсең емерсің.

Үй жұмысын тексеру сөздерді жаттау болатын. Сөздерді тақтаға жазып көрсетейік.

Пазл шешу:

д	і	м	е	л	ө	к
х	а	н	ы	ғ	а	ш
а	һ	н	ж	с	о	й
а	е	т	а	м	о	л
ы	д	ф	р	л	б	а
қ	ә	р	и	т	ы	м
ң	е	р	е	т	х	қ
а	н	ы	ғ	а	м	ғ

Халық ауыз әдебиеті әдептілікке, әділдікке, байқағыштыққа, тапқырлыққа, бірлікке, ынтымаққа, достыққа, еңбексүйгіштікке, батылдыққа, қырағылыққа үйретеді.

«Жиренше шешен» атты сахналық көрініс көрсетіледі.

Жұмбақты шешіндер.

Дөңгеленіп өседі,

Желге еріп көшеді. (қаңбақ)

Жаңа сабақ.

Жаңа сөздер: қиялдау, байқау, байқағыштық, тапқырлық, ой жүйріктігі, көркем, дамытады. (слайд)

В огне не горит,

В воде не тонет. (лёд)

Без рук, без ног, а рисовать умеет. (мороз)

Маленькая собачка

Свернувшись лежит.

Не кусает не лает,

А в дом не пускает. (замок)

Жұмбақта белгісіз зат белгілі бір затқа салыстыра суреттеледі. Жұмбақталатын заттар: адам, адам дене мүшелері, табиғат туралы, оқу-білім, ғылым, техника жаңалықтары. Жұмбақ - ауыз әдебиетінің ертеден келе жатқан түрі. Ол баланы жастайынан қиялдай білуге, табиғатты, қоршаған ортаны бақылауға, аңғарымпаздыққа, тапқырлыққа үйретеді. Жұмбақтың тақырыбы алуан түрлі болып келеді.

Жұмбақ шешу.

- Қырық екі аты бар, танысандар – айтыңдар.
- Қаласы бар, үйі жоқ, өзені бар, суы жоқ, орманы бар бүрі жоқ.
- Қолы жоқ сурет салады, тісі жоқ тістеп алады.
- Апам үшін қам жеген, тозаң жұтып, шаң жеген, жатыр үйде айдаһар.
- Ти десем тимейді, тиме десем тиеді.

- Аяғы жоқ жүрмейді, үй күзетеді, үрмейді.
- Бір қарыс таяқ алдым, алдым да жұмысқа салдым.
- Темір тілді, күміс үнді.
- Ойыңды жазасың, аласың мазасың.

Беттері біткен соң, қарыз боп қаласың.

II. Қазіргі күнде жұмбақтың қандай түрлері бар?

- Сканворд, пазл, әріп жұмбақ, әзіл жұмбақ, метограммалар, ребус, сөзжұмбақ.

Қазіргі заманғы жұмбақтардың бірі - сөзжұмбақ.

Сөздік ойыны.

Осень - күз

След - із,

сто - жүз,

шило - біз.

Мясо - ет,

Город - қала,

лицо - бет.

степь - дала.

Мальчик - бала,

Дождь - жауын,

сани - шана.

дыня - қауын.

Бумага - қағаз,

Масло - май,

мороз - аяз.

месяц - ай.

Вязать - тоқу,

Поэт - ақын,

учеба - оқу.

близко - жақын.

20-слайд. Сөзжұмбақ шешу.

1. Айдалада ақ отау, аузы, мұрны жоқ отау.

2. Суға батпайды, отқа жанбайды.

3. Жарты қарыс таяқ алдым, алдым да жұмысқа салдым.

4. Қанаты жоқ, ұшады,

Аяғы жоқ, желеді.

Ауызы жоқ, ұлиды.

5. Тілі бар, үні жоқ,

Өзін адам түсінген.

Жүрегі бар да қаны жоқ,

Сөйлеп тұрған ішінен.

6. *Керемет ит болады,*

Үй бағады, үрмейді,

Аяғы жоқ жүрмейді.

Темір тықсаң сөйлейді.

Әріп жұмбақ:

Тайда бар, сайда жоқ.

Түнде бар, күнде жоқ. («Т» әрібі)

Кітапта бар, дәптерде жоқ.

Кабинетте бар, сыныпта жоқ. («К» әрібі)

Тарақта бар, шапта жоқ.

Тырнақта бар, қаста жоқ. («Р» әрібі)

Мұрында бар, сирақта жоқ.

Құлында бар, жирафта жоқ. («Ұ» әрібі)

24-25-слайдтар метаграммалар. 26-27. Әзіл жұмбақтар.

VIII. Сабақтың қорытындысы:

Жұмбақталатын заттар кестесін толтыру.

Үй тапсырмасы: Жұмбақ дегеніміз не? 1-2 қызықты жұмбақ жаттап келу.

Бағалау.



ЖАҢА СӨЗДЕР – АЗЫҚ-ТҮЛІК ДҮКЕНІНДЕ

(2-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік - азық-түліктер тақырыбы бойынша алған білімдерін пысықтау, алдыңғы сабақтарда меңгерген сөздерді әр түрлі жағдайда қолдана білуге үйрету, мәнерлеп оқу, ойды жүйелеп айту дағдыларын қалыптастыру, қазақ тіліне тән дыбыстарының дұрыс айтылып-жазылуына назар аударту; **дамытушылық** — жаңа сөздермен оқушылардың сөздік қорын молайту, өз беттерімен сөйлем құрауға үйрету, жазбаша тапсырмаларды дұрыс, сауатты орындау дағдыларын, оқушылардың дүниетанымын, ауызекі сөйлеу тілдерін дамыту; **тәрбиелік** — оқушылардың қазақ тілі пәніне деген қызығушылығын арттыру, мәдениеттілікке тәрбиелеу. Нанның қасиеті туралы тәрбиелік мәні зор әңгіме ұйымдастыру.

Түрі: оқушылардың білімдерін ойын элементтері арқылы қорыту, жүйелеу сабағы.

Әдіс-тәсілдері: оқу-аудару, сұрақ-жауап, дидактикалық ойындар, диалог, жазбаша, ауызша, жеке, жұптық жұмыстар, суретпен жұмыс.

Көрнекілігі: сызба, үлестірме кәртішкелер, перфокарталар, жұмбақтар, сурет, тапсырмалар, интерактивті тақта, слайдтар.

Сабақтың барысы. I. Ұйымдастыру кезеңі:

а) сәлемдесу; ә) сыныпты түгелдеу; б) сабаққа даярлығын тексеру;

Тіл дамыту сұрақтары:

- Балалар, қазір қай жыл мезгілі?
- Жаз айлары қандай?
- Жазда ауа райы қандай болады?
- Адамдар қандай киім киеді?
- Біз қай қалада тұрамыз?
- Қалада нелер бар? Қандай дүкендер бар?

II. Жаңа сабақтың мақсатын, барысын айту.

- Балалар, сабағымызды бастамас бұрын өткен сөздерді қайталаймыз.

«Ойлан, тап» ойыны.

III. Жаңа сабақ: 1. Сөздікпен жұмыс:

тәтті - сладкий (-ая, - ое)

қатты - твердый (-ая, - ое)

Сөз – Сөз тіркесі – Сөйлем.

2. Мәтінмен жұмыс: а) Мәтінді тізбектеп оқу;

ә) Мәтінді аудару.

3. Сергіту сәті.

4. Суретпен жұмыс: „Азық-түлік дүкенінде ”
(интерактивті тақта)



5. Жазбаша жұмыс. 2-ші тапсырманы орындау.


6. Сергіу сәті.

IV. Жаңа сабақты бекіту: 1. Оқушылар суретке байланысты диалог құрайды.

- Мынау не?
- Мынау - дүкен.
- Мынау қандай дүкен?
- Азық-түлік дүкені.
- Дүкенде не бар?
- Дүкенде нан, қант, айран, сүт, май бар.

2. „Дұрыс ойлан” ойыны.

Қай азық-түлік қалай өлшенеді? (интерактивті тақта)



3. Жұмбақтар шешу (интерактивті тақта)

*Балдай тәтті,
Мұздай қатты.*

$$(B \dots \dots \dots K)$$


Аппақ сұйық,

Қалса ұйып,

Шөлің қанады,

Ішсең құйып.

(С. т. пен А...н)



Есігі жоқ,

Тесігі жоқ,

Ақ доптың ішінде

Несібі көп.

 $(\mathcal{K} \dots a)$ 

Өзі ащы,
Бірақ,
Дәмді етер асты.

(Т . з)



Ш-дан бастасаң,
Шөлің әбден қанады.

(Ш . й)



Терісі сары,
Еті-дәрі.

(Л...н)



Ұрмай-соқпай жылатады,
Әркім бірақ ұнатады.

(П..з)



Күрең қызыл түсі бар,
Тағамдардың асылы.
Қуат берер күші бар.

(Н . н)



4. Екі-екі оқушыдан шығарып, „Дүкен” ойынын ойнату.
Сатушы мен сатып алушы болып рөлдік ойын көрсету.

V. Қорытындылау:

- Балалар, бүгінгі сабақтың тақырыбы қандай?
- Қандай азық-түліктерді білесіңдер?
- Біз қайда бардық?
- Дүкенде кіммен сөйлестік?

VI. Бағалау.

VII. Үйге тапсырма: Сөздікті жаттау. Азық-түлік дүкені туралы бес сөйлем құрастыру.



Нұржамал НҰРПЕЙІСОВА,
Қапшағай қаласындағы
«Ш.Уәлиханов атындағы
№2 гимназия мектепке
дейінгі шағын орталығымен»
мемлекеттік мекемесінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

СӨЗДІК ҚОРДЫ МОЛАЙТҚАН СТАДИОН

(4-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – жаңа сөздермен таныстыру, мәтіннің мазмұнын ашу; дамытушылық – ауызша сөйлеу, ойлау қабілетін дамыту, сөздік қорын молайту; тәрбиелік – тапқырлыққа, жылдамдыққа тәрбиелеу.

Түрі: дәстүрлі сабақ.

Типі: аралас сабақ.

Әдісі: интерактивтік тақта, түсіндіру, әңгімелесу, ойын, үлестірмелі кәртiшке.

Көрнекілік: интерактивтік тақта бойынша тақырыпқа байланысты түрлі-түсті слайдтар, тапсырмалар, тест тапсырмалары, хат.

Пәнаралық байланыс: орыс тілі.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

II. Үй тапсырмасын тексеру.

«Кім тез?» ойыны арқылы жаңа сабақта өтілген сөздерді тексеру.

«Сурет көрмесінде» мәтінін мазмұндау.

Сергіту сәті.

Шаршасаңдар, балалар,

Қолдарыңды созыңдар,

Бір, екі, үш,

Бір, екі, үш,

Саусақтармен ойнаңдар.

III. Жаңа сабақ:

1. Сөздікпен жұмыс. (Жаңа сөздер интерактивті тақтада көрсетіледі.)

2. Тақтамен жұмыс. Деңгейлік тапсырмалар орындату.

III деңгей. 1-тапсырма.

Суретке қара, көргеніңді айт.

Көмекші есімдерді есіңе түсір, мысалдар келтір.

II деңгей. 1-тапсырма. Сөз тіркесін аударып, сөйлем құрау.

I деңгей. 2-тапсырма.

Сурет бойынша 2-3 сөйлем құра.

Мәтінді оқы.

IV. Өз беттерімен жұмыс.

Жеке жұмыстар беру.

«Хат тасушы» ойыны ойнатылады.

Грамматикалық тапсырмалар. Тест сұрақтары беріледі.

V. Сабақты бекіту.

- Сабақта не туралы айттық?

- Қандай жаңа сөздермен таныстық?

VI. Сабақты қорыту. Нені білдік? Нені үйрендік?

VII. Бағалау. Сабаққа жақсы қатысқан оқушыларды мадақтау.

IX. Үйге тапсырма. 89-90- беттер, сөздерді жаттау.

2-тапсырма. Мәтінді мазмұндау.

Рымғайша ШИЛИЯСОВА,
Семей қаласындағы
№41 жалпы орта білім
беретін мектептің
қазақ тілі пәнінің мұғалімі.

ТІЛДІ ҰСТАРТҚАН ҰЛТТЫҚ КИІМДЕР

(9-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – оқушыларға қазақ халқының ұлттық киімдерінің түрлері, пайдалану және тұтыну ерекшеліктері туралы түсінік беру; **дамытушылық** – оқушылардың эстетикалық талғамын арттырып, ұлттық киім тарихын зерттеуге қызығушылығын арттыру, ойын, қиялын, тілін дамыту. Сауатты жазуға, дұрыс сөйлеуге, өз бетімен жұмыс істеуге үйрету, сөздік қорын байыту және қазақ тілінде еркін сөйлей білу әрекеттерін жетілдіру; **тәрбиелік** – қазақ халқының салт-дәстүрін сыйлауға, құрметтеуге, мақтан етуге, өркендетуге тәрбиелеу. Мемлекеттік тілді құрметтеуге, отансүйгіштікке, адамгершілікке, әдептілікке тәрбиелеу. Қазақ тілі мен әдебиеті, тарихы, салт-дәстүрі мен өнеріне қызығушылықтарын арттыру.

Грамматика: фонетикалық талдау, сөздерді тәуелдеу, сөйлемді толықтыру.

Түрі: конференция сабақ.

Әдіс-тәсілі: топтық жұмыс, сұрақ-жауап, баяндау, әңгімелеу.

Пәнаралық байланыс: орыс тілі, әдебиет, тарих, этнография.

Көрнекілігі: интерактивті тақтада бейнеленген қазақтың

ұлттық киімдері (шапан, қамзол, сәукеле, тымақ, т.б) және дидактикалық тапсырмалар, қазақтың ұлттық киімдерінен көрме.

Сабақтың барысы:

Ұйымдастыру кезеңі: сәлемдесу, түгелдеу.

Сабақтың тақырыбы мен мақсатын хабарлау.

Сабақтың түрі мен өтілуі жайлы түсінік беру.

Конференция сабақтың пленарлық бөлімі: конференция төрағасы сайланып, конференция тақырыбы бойынша баяндама тақырыптары анықталады. Баяндамашыға берілетін уақыт белгіленеді, бекітіледі.

Ұлттық киімнің тарихы мен ерекшелігі. Мұғалімнің кіріспе әңгімесі.

I топ

Бас киім

Кимешек

Бөрік

Тымақ

Қалпақ

Сәукеле

Тақия

II топ

Киім

Көйлек

Жейде

Шалбар

Қамзол

Шапан

Тон

Ішік

III топ

Аяқ киім

Мәсі

Кебіс

Әйел етігі

Ерлер етігі

Сөздік жұмысы. Сөзжұмбақ шешу.

Оқушыларды II кезең - пленарлық бөлімнің жұмысымен таныстыру.

Интерактивті тақтадан тапсырманы көрсету. (Дәптерге жазбаша орындау).

1. Сөйлемді толықтырыңдар және аяқтаңдар.

Сөйлемді толықтырыңдар.

I. Сәукеле өте әдемі бас киімге жатады және

II. Ішік аң терісінен тігіледі, себебі

III. Ертеде қазақ әйелдері көйлектің сыртынан бірде бешпент киген, бірде ...

2. *Кимешек, сәукеле, бөрік* сөздеріне фонетикалық талдау жаса.

3. Сөздерді тәуелде: а) мәсі; ә) бұйым; б) ішік.

- Өте жақсы, балалар, сендер грамматикалық білімдеріңнің қандай деңгейде екенін көрсеттіңдер.

Сабақты бекіту.

Интерактивті тақтада электронды оқулықтан қазақтың ұлы ақыны Абайдың «Қыс» өлеңі оқылады. Оқушылар зейін қойып тыңдап, осы шығармадан қандай ұлттық киімдердің атауларын естігендерін айтады.

Сабақты қорытындылау.

Қазақтың ұлттық киімдерінің сән үлгілері алуан түрлі, ұлттық нақышқа сай ою-өрнекпен әсемделеді. Киімдердің сәндік топтамасын сәнгерлер жасайды. Қазақтың ұлттық киімінің сән үлгісін жасауға басқа мемлекет сәнгерлері де қызығушылық танытады. Мысалы, ресейлік сәнгер В.Зайцев қамзолдың топтамасын жасады.

Сән әлемінің майталманы В.Зайцевтің айтуынша, топтаманың негізіне қазақтың ұлттық қамзолдары, бас киімдерінің үлгілері алынған. «Қазақтың ұлттық қамзолы негіз ретінде алынды және өзіміздің шешімімізге ұлттық тақырыпқа сай дәлдік беру үшін ұлттық дәстүр жалғастығын сақтау керек болды. Қыздардың қамзолдарының жағасына және еркектердің ұзын етектегі сүртіктеріне ұлттық өрнектер бастырылды», - деді В.Зайцев журналистерге берген сұхбатында.

Оның айтуынша, ұлттық нақыштағы жаңа топтама қоғамда беделді, қазіргі заманғы бизнес-ханымдарға, саясаткерлерге лайықталған. Сондықтан ұйымдастырушылардың ойластыруымен Зағипа Балиева, Гүлжан Қарағұсова және Сәбила Мұстафина сында еліміздің белгілі саясаткер ханымдары мен мемлекет қайраткерлері топтаманың таныстырылымын жасады.

«Подиумға манекеншілер емес, халыққа елеулі, ел арасында танымал адамдардың шығуы ерекше әсер береді. Олардың даралығы, өзіндік кескін-келбеті топтамаға жарқындық сыйлайды», - дейді топтама авторы.

Сабақты қорыту: мәтінді оқып, сән үлгісіндегі жаңалықтарды ескере отырып, мына адамдарды жас ерекшеліктеріне сай етіп киіндіріңдер.

I топ

II топ

III топ

Қызды киіндіру

Атаны киіндіру

Әжені киіндіру

М.Омаров. «Қыз сыны» әні орындалады.

Бағалау. Бағалау жүйесі: баяндамадағы материалдың толықтығы. Тақырыптың ашылуы. Грамматикалық тапсырма мен талдаудың дұрыстығы. Қорытынды бөлімнің тапсырмасының орындалуы.

Үйге тапсырма: өздеріне ұнаған ұлттық киімді суреттеп жазып келу.



Ментай ҚОЗҒАНБАЕВА,
Қостанай қаласындағы
«Озат» дарынды балаларға
арналған мектеп-интернатының
мұғалімі.

САЛАЛАС ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМ

Сабақтың мақсаты: 1) оқушыларға қазақ халқының қонақжайлылығы туралы мәлімет беру; тақырыпқа қатысты сөз орамдарын меңгерту; салалас құрмалас сөйлемнің түрлері тақырыбын қаншалықты меңгергендерін тексеру; 2) оқушылардың тіл байлығын дамыту, ой-өрісін кеңейту,

танымдық қабілеттерін жетілдіру, ойларын ауызша жүйелеп жеткізуге дағдыландыру, сөздік қорын молайту; 3) оқушылардың қазақ тілі сабағына деген қызығушылығын арттыру.

Түрі: дәстүрлі.

Типі: қиыстыру.

Көрнекілігі: интерактивті тақта [слайдтар, бейнетаспа], қиықшалар, суреттер.

Әдіс-тәсілдер: репродуктивті, эвристикалық (іздендіру), сұрақ-жауап, талдау, жинақтау, түсіндіру, әңгімелеу, жаттықтыру, ойландыру, Венн диаграммасы.

Сабақ барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

Сабақтың мақсатын хабарлау. Оқушыларды сабаққа ұйымдастыру.

Мұғалім: - Бүгінгі сабақ - ерекше сабақ, өйткені біздің жұмысымызды келген қонақтарымыз бағалайды, сондықтан бүгінгі сабақта белсенділік танытып, білімдеріңді көрсете алуға тырысасыңдар деп ойлаймын.

- Олай болса іске сәт дей отырып, бүгінгі сабағымыздың мақсатын хабарлауға рұқсат етіңіздер.

- Сабақтың мақсаты: салалас құрмалас сөйлем тақырыбы бойынша білімдерімізді тиянақтау, «Қонақжайлылық белгісі» лексикалық тақырыбын меңгеру, ауызекі сөйлеу тілдерін топтық жұмыс арқылы дамыту.

II. Ұй тапсырмасын тексеру.

Мұғалім: - Үйге қандай тапсырма беріліп еді?

- «Салалас құрмалас сөйлем және оның түрлері» тақырыбын қаншалықты меңгергендеріңді сауалнама арқылы тексереміз.

«Салалас құрмалас сөйлем».

1. Сұрақ-жауап.

Мақсаты: оқушылардың салалас құрмалас сөйлем

бойынша алған білімдерін тиянақтау, пысықтау. [оқушылар үш топқа бөлініп, алдын ала дайындалған сұрақтарды бір-біріне қойып, толық жауап беруді талап етеді].

1-ші топ 2-3-топтарға, ал 2-топ 1-3-топтарға, 3-ші топ 1-2-топтарға сұрақтар қояды.

I топтың сұрақтары:

- Құрмалас сөйлем деп қандай сөйлемді атаймыз?
- Құрмалас сөйлемнің белгілері қандай?
- Жай сөйлем мен құрмалас сөйлемнің ұқсастығы мен айырмашылығы неде?
- Құрмалас сөйлемнің қандай түрлері болады?

II топтың сұрақтары:

- Салалас құрмалас сөйлем деп қандай сөйлемді атаймыз?
- Салаластың құрамындағы жай сөйлемдер қандай жолдармен байланысады?
- Салалас құрмалас сөйлем неше түрге бөлінеді?
- Ол неге байланысты?

III топтың сұрақтары:

- Ыңғайлас салалас құрамындағы жай сөйлемдер қандай қарым-қатынаста болады?
- Себеп-салдар салалас сөйлем деп қандай сөйлемді атаймыз?
- Қарсылықты салалас деп қандай сөйлемді атаймыз?
- Түсіндірмелі салалас деп қандай сөйлемді атаймыз?
- Талғаулы салалас деп қандай сөйлемді атаймыз?
- Кезектес салалас деп қандай сөйлемді атаймыз?

2. Практикалық жұмыс.

Мұғалім: - Теориялық білімдеріңді тексердік, енді алған білімдеріңді тәжірибеде қолдана алуларыңды тексеріп көрелік.

- Өр топқа үлестірмелі тапсырма беріледі, топтың міндеті - берілген тапсырманы лезде орындап шығу, салаластың қай түріне жататынын дәлелдеу.

№1-тапсырма: сөйлемдердің тиісті тыныс белгілерін қойып, сөйлемнің түрін анықтаңдар.

Үй ішінің қарбалас жүрісі саябырлады да барлық үлкен-кіші қонақтардың айналасына жиылды. Жазира кір жуады немесе тамақ пісіреді.

№2-тапсырма: сөйлемдердің тиісті тыныс белгілерін қойып, сөйлемнің түрін анықтаңдар.

Мезгіл кешкіріп кетті сондықтан амалсыз қонуға тура келді.

Көктем келді сонда да күн әлі суық.

№3-тапсырма: сөйлемдердің тиісті тыныс белгілерін қойып, сөйлемнің түрін анықтаңдар.

Оның қорыққандығы сондай не айтып не қойғанын білген жоқ.

Жолдасым ауырып қалды сонда да дәрігерді шақыртпады.

III. Жан-жақты білімдерін тексеру.

Тапсырма: шахмат атының жүрісімен жүріп, өлеңді табыңыз.

қонақ	нәсіпке	есікке
жүгіріп	қонақты	кешікпе
қарсы	келсе	болар
кесір	шық	алмасаң

Жауабы:


Қонақ келсе есікке,
Жүгіріп шық, кешікпе.
Қарсы алмасаң қонақты,
Кесір болар нәсіпке.

Сөздік жұмысы.

Мұғалім: - Жаңа тақырыпқа көшпес бұрын, тақырыпқа қатысты қандай сөздерді білетінімізді анықтап алайық.

- Қонақжайлылық деген сөзді қалай түсінесіңдер?

- Осы сөзге қатысты сөз немесе сөз тіркестерін есімізге түсірейік.

ҚОНАҚЖАЙЛЫЛЫҚ 

IV. Дайындық.

- Дәптерлерімізді ашып, бүгінгі күнді, тақырыпты жазамыз.

- Тақтада жазылған сөздер мен сөз тіркестерінің /орыс тілінде/ қазақ тіліндегі баламасын келтіріңіздер, олармен сөйлем құраңыздар.

1-топ: *гость, гостеприимство, гостеприимный, гостиница, гостинец, гостиница, готовиться, готовить, готовый, ходить в гости, приглашать гостей, встречать гостей;*

2-топ: *ухаживать за гостями, поднимать настроение, незнакомые гости, знакомить, поздравлять хозяина, разливать чай, подавать напитки, варить мясо;*

3-топ: *накрывать стол, беседовать, танцевать, песни петь, играть на домбре, играть в различные игры, весело и интересно, быть довольными.*

Қорытынды: «қонақ» деген сөздің түбірлес сөздерін атаңдар.

Қонақ – қонақжай – қонақжайлы – қонақжайлылық – қонақтағы;

Тапсырма: бір-бір сөйлемнен құрастырыңдар.

V. Жаңа тақырыпты меңгеру.

«Қонақжайлық белгісі»

1. «Қонақжайлылық» туралы ән тыңдау.
 2. Өлең жолдарынан не түсіндіңдер?
 3. «Қонақжайлылық белгісі» шешендік толғау тыңдау.
 4. Қонаққа үй иесі қандай құрмет көрсету керек екен?
- (*Жауаптары: сәлем беріп, қол алсаң – 1-ші құрмет; «түсіңіз» деп түс беріп, шылбырына оралсаң – 2-ші құрмет; есік ашып енгізіп, көрне төсеп құп алсаң – 3-ші құрмет).*

5. Мәтінмен жұмыс (әр топ түсінгендерін ауызша айтады - мазмұндайды).

I топ. Қонақасы.

Қонақасы - үйге келген қонақты қарсы алып, оны төрге отырғызып берілетін ас. Қазақ халқында VII-X ғасырларда қалыптасқан жомарттық салт болған.

Қонақасы - адамдардың бір-бірімен арасындағы бөлінбейтін еншісі, мұның өзі «Адам адамға қарыздар», «Адам күні адаммен», «Жүз қойың болғанша, жүз досың болсын» деген сияқты ата-бабамыздан келе жатқан жақсы салт. Адамға қайыр қылмау, дүниеқорлық, сараңдық, қонақ қондырмау, қонақасы бермеу - адамгершілікке жатпайды деп саналады.

Қонақасы табағына малдың басы, жамбасы, сүбесі, т.б. салынады.

II топ. Қазақ - қонақжай халық.

Қазақ халқы танымаса да, «құдайы қонақпын» деген адамды қарсы алады. Жол жүріп келе жатқан адам кез келген ауылға, үйге келіп қонақ бола береді. Қазақ халқында «қырықтың бірі - Қыдыр» деген сөз бар. Бұл сөздің мағынасы: «Құдайдың жіберген сыйы қырық адаммен бірге келуі мүмкін». Сондықтан «қонақпен бірге құт, ырыс келеді, қонақты қусаң, ырыс кейін қашып кетеді» деген сөз бар.

Қазақ үшін қонақты қарсы алмау, күтпеу - ұят. Қонақты қарсы алуға, шығарып салуға ерекше мән береді. Қонақ келгенде үй иесі қарсы алып, есікті өзі ашып, үйге кіргізіп, өзі қонақтардан кейін кіріп есікті жабуы керек. Бұл - қонақпен келген «құт», «ырыс» бірге кірсін дегені.

III топ. Қазақ - қонақжай халық.

Ал, қонақты шығарып саларда есікті қонақтарға аштырып, соңынан өзі жауып шығады. Бұл - «құт», «ырыс» қонақтармен бірге шығып кетпесін дегені.

Қонақ күту - қазақ халқының ең жауапты ісі. Оларды риза етуге тырысады. Ең алдымен қонақтарға сусын (қымыз, шұбат) беріледі. Содан кейін шай ішіледі. Шайдан кейін қонақтардың көңілді отыруына үй иесі бар жағдайды жасайды. Ауылдағы әнші, күйшілерді шақырып, қонақтардың көңілін көтереді. Қонақты жақсы қарсы алған үй туралы «мырза үй», ал қонақты дұрыс қарсы алмаған үйді «сараң» дейді.

Осы дәстүр қазір де бар. Шетелден келген қонақтар «Қазақ халқы - қонақжай халық» деп бекер айтпайды.

Түсінгендерін тексеру.

Оқушыларды қорытындыға келтіру.

Мұғалім: - *Сонымен қонақ келген үйдің иесі не білдіру керек, ол не істеу керек, қандай болу керек?*
Әр топ берілген парақтарға өз қорытындыларын шығарып жазады.

/Мысалы, жауаптары келесідей болуы мүмкін: сәлем беру керек, құрметпен қарсы алу керек, қонаққа деген ризашылығын білдіру керек, қонақты төрге шығарып, сусын, шай немесе тамақ беру керек, т.б./

VI. Бекіту кезеңі.

1) Әр топқа шығармашылық тапсырма беріледі: көрініс дайындап көрсету.

Тақырыптары: 1-топ - қонақты қарсы алу; 2-топ - қонақ күту; 3 топ - қонақты риза қылу /көңілін көтеру/.

2) Берілген мәтінге жоспар құру /әр топқа тақырыпқа сай бір-бір мәтіннен беріледі/.

3) Өздік жұмыс: сөйлемдерді толықтырыңыз/Ш.Бектуровтың «Қазақ тілі» 303-бет, 31-жаттығуды орындау.

VII. Қорытынды.

Сұрақ-жауап арқылы сабақты қорытамыз.

- Бүгін қандай грамматикалық тақырыпты қайталадық?
- Қандай жаңа лексикалық тақырыппен жұмыс жасадық?

- «Қонақжайлылық» деген ұғымды қалай түсінесіңдер?
- «Қонақжайлылық» туралы мақал-мәтелдерді тыңдап,
есімізде қалдырайық.

Мақал-мәтелдермен жұмыс:

- ❖ *Қыз-қонақ.*
- ❖ *Жаман үйді қонағы билейді.*
- ❖ *Қонаққа бара білсең, шақыра да біл.*
- ❖ *Қонаққа «кел» демек бар, «кет» деген жоқ.*
- ❖ *Шақырғанда бармасаң, шақырғанға зар боларсың.*
- ❖ *Шақырған жерден қалма, шақырмаған жерге барма.*

VIII. Үй тапсырмасын беру.

1 - «Қонақжайлылық белгісі» шешендік сөзін мәнерлеп
жатқа айту.

2 - «Қонақта» деген тақырыпқа шағын шығарма жазып
келу.

Бағалау.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Қазақ тілі» жалпы білім беретін мектептің
8-сыныбына арналған оқулық, С.Аманжолов, Алматы.
«Мектеп», 2008.

2. «Қазақ тілі» қызықты грамматика, Г.Тайсюганова,
З.Рахмет, Алматы кітап, 2007.

3. 8-сыныпқа арналған «Шешендік өнер» атты қолданбалы
курс бағдарламасы мен дидактикалық материалдар жинағы
(авторлары: Қозғанбаева М.Т., Ақанова Б.Қ.), лицензия
№1213.

4. «Казахский язык для всех» А.Ш.Бектурова,
Ш.К.Бектуров, Алматы. «Атамұра», 2004.



КӨСЕМШЕНІ КӨРКЕЙТКЕН БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ

(7-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – бейнелеу өнерінің хас шеберлері туралы мағлұмат беру; көсемше тақырыбын меңгерту, өткен грамматикалық тақырыптарды қайталау; **дамытушылық** – жаңа сөздермен танысу, оларды ауызекі тілде қолдану, сөз байлығын дамыту, өз ойын жүйелеп жеткізуді үйрету, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру; **тәрбиелік** – әсемдікті, әдемілікті тани білуге, өнерсүйгіштікке тәрбиелеу.

Түрі: жарыс сабақ.

Әдісі: дамыта оқыту, сатылай кешенді талдау.

Пәнаралық байланыс: орыс тілі.

Көрнекілігі: оқулық, слайд, интерактивті тақта.

Сабақтың эпиграфы:

Білімдіден шыққан сөз

Талаптыға болсын кез.

Нұрын,сырын көруге

Көкірегінде болсын көз.

Жүрегі-айна,көңілі-ояу,

Сөз тыңдамас ол баяу.

Өз өнері тұр таяу,

Ұқпасын ба сөзді тез? (Абай).

Сабактың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі. Оқушылармен сәлемдесу, түгелдеу. Жаңа сабаққа назарын аударту.

II. Үй тапсырмасын сұрау. Ой шақыру.

Эпиграфты оқу, мағынасын ашу.

Абай өлеңі не туралы? Ақын неге шақырады? Өнерлі адам дегеніміз кім? Өнердің қандай салаларын өттік? Қысқаша жауап беру.

Сынып 3 топқа бөлінген: «Тапқырлар», «Зейінділер», «Алғырлар». Үй тапсырмасына Н.Хлудов, Ә.Қастеев, Г.Ысмайылова туралы презентация жасап келу тапсырылды.

I топ слайды: Николай Гаврилович Хлудов (1850-1935) Орлов губерниясында дүниеге келген, атақты суретші. 1872-1874 жылдары Одесса қаласындағы көркемсурет мектебін бітірген. Қазақ бейнелеу өнеріне үлкен үлес қосқан, қазақ суретшілерінің ұстазы. Туындылары: «Застигнутые бурей», «Доеение кобыл», т.б.

II топ слайды: Әбілхан Қастеев (1904-1973) Алматы облысы, Жаркент қаласына жақын Шежін ауылында дүниеге келген. ҚазКСР-нің халық суретшісі. 1929-36 жылдары Алматы қаласында Н.Г.Хлудовтан және Мәскеу қаласында И.Бродскийден көркемсурет студиясында білім алған. Әбілхан Қастеев тарихи тұлғаларды полотно бетіне шеберлікпен сомдаған. Шығармалары: «Амангелді сарбаздары», «А.Құнанбаев», «Ш.Уәлиханов», «Колхоз тойы», т.б.

III топ слайды: Гүлфайруз Ысмайылова 1929 жылы Алматы қаласында дүниеге келген. 1949 жылы Алматы көркемсурет училищесін, 1956 жылы Ленинград көркемсурет институтын тәмамдаған. 1957 жылдан Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі. Г.Ысмайылова белгілі әйел адамдардың портреттерін салды. Туындылары «Шара Жиенқұлова портреті», «Күләш Байсейітова

портреті», т.б.

Суретшілердің шығармалары слайдпен көрсетіледі.

III. Жаңа сабақ. «Бейнелеу өнері». Мағынаны тану стратегиясы.

Оқушылар алған мәліметтерінен жаңа сабақтың тақырыбын, мазмұнын ашады. Тақтаға көп нүктенің орнына ұлы тұлғалардың ата-жөнін жазады.

Интерактивті тақта.

Бейнелеу өнерінің тарландары

...- қазақ суретшілерінің ұстазы.

...- қазақ бейнелеу өнерінің негізін салушы.

...- қазақ қыздарынан шыққан суретші.

Грамматикадан жаңа тақырып - «Көсемше».

Тақтада есімше, көсемшелері бар кесте ілулі тұрады. Оқушылар етістік түрлерінің ұқсастығын табады. Интерактивті тақтамен жұмыс. Көсемшенің емлесімен, жұрнақтарымен, сұрақтарымен толығырақ танысады.

Есімше	Ұқсастығы	Көсемше
Барған	Түбірі бір	барып
барар	Есімше,көсемше	бара
баратын	етістіктен	барғалы
келген	жасалады	келіп
келер		келе
келетін		келгелі

Көсемше - бірде үстеудің, бірде етістіктің қызметін атқаратын етістіктің бір түрі. Жұрнақтары: өткен шақ: -ып, -іп, -п, ауыспалы осы шақ: -а, -е, -й, мақсатты келер шақ: -ғалы, -гелі, -қалы, -келі. Мысалы: *Мен көркемсурет галереясына бара жатырмын.* (етістік қызметі)

Мұрат әдемі суреттерге таңдана қарады. (үстеу қызметінде) Оқушылар тақтада көсемшеге бірнеше сөйлемдер құрайды. Мұғалім жаңа сабақтың жарыс түрінде өтетінін хабарлайды.

«Білгірлер» сайысы VI кезеңнен тұрады:

1. «Өнер алды - қызыл тіл». Мәтінмен жұмыс.
2. «Қос тіл-қос қанатың». Сөздікпен жұмыс.
3. «Кім тез жазады?» Берілген етістіктерді топтастыру.
4. «Грамматикаңыз қалай?» Сатылай кешенді талдау.
5. «Ә.Қастеев галереясында» тақырыбына диалог құрас-
тыру.
6. «Ойлан, тап!». Көп нүктенің орнына көсемше қою.

I кезең. Мәтінмен жұмыс.

I топ «Бейнелеу өнері» мәтінінің 1-азат жолын оқып, мазмұнын айтады. Есімшелерді теріп жазып, көсемше жасайды.

Бейнелеу өнері

Қазақстан Республикасында бейнелеу өнері жақсы дамыған. Қазақ кәсіби өнерінің негізі ХХ ғасырдың басында қаланған. Қазақстан Республикасының халық суретшілері - бейнелеу өнеріміздің көшбасшысы және мақтанышы. Олардың тамаша шығармалары - қазақ өмірінің айнасы. Олар қазақ бейнелеу өнерін, сол арқылы Қазақстан өмірін бүкіл әлемге танытқан. Қазақстан суретшілері егеменді еліміздің жетістіктерін, Қазақстанның алып құрылысын, адамның ғарышқа ұшуын шеберлікпен бейнелеген.

Қазақ бейнелеу өнерінің негізін салушылардың бірі - Әбілхан Қастеев. Ол 1904 жылы туған, 1973 жылы қайтыс болған. Ә.Қастеев суреттері көптеген шетел мұражайларында көрнекті қылқалам шеберлерінің еңбектерімен қатар тұр. Оның тарихи тақырыптағы туындыларына «Колхоз тойы», «Түркісіб», «Амангелді сарбаздары», т.б. жатады. Ол - тарихи тұлғаларды бейнелеуімен белгілі болған суретші. Оның қылқаламынан «Ш.Уәлиханов», «А.Құнанбайұлы», «Сүйінбай портреті», т.б. шығармалар туған. Ә.Қастеев шығармашылығы жан-жақты.

Үлгі: дамыған-дамып келеді, қаланған-қаланып келеді.

II топ 2-азат жолын оқып, мазмұнын айтады. Есімшеден көсемше түрлерін жасайды.

III топ мәтіннің азат жолдарына тақырып қояды, көпте-ліп тұрған сөздерді табады.

1-бөлім. Қазақстан бейнелеу өнері.

2-бөлім. Әбілхан Қастеев.

Көпше түрде тұрған сөздер: суретшілері, шығармалары, т.б.

II кезең. Берілген сөздердің орысша баламасын тауып, бағдар сызықпен көрсету.

I топ

<i>Бейнелеу өнері -</i>	<i>развиваться</i>
<i>Даму -</i>	<i>великий</i>
<i>Қалаған -</i>	<i>изобразительное искусство</i>
<i>Көшбасшы -</i>	<i>мастерски</i>
<i>Алып -</i>	<i>заложено</i>
<i>Шеберлікпен -</i>	<i>лидер</i>
<i>Көпшілік -</i>	<i>множество</i>

II топ

<i>Ой -</i>	<i>вышли в свет</i>
<i>Ықпал -</i>	<i>мысль</i>
<i>Жарық көрді -</i>	<i>влияние</i>
<i>Ағымдар -</i>	<i>готовить</i>
<i>Даярлау -</i>	<i>течение</i>
<i>Намыс -</i>	<i>гордость</i>
<i>өшпес -</i>	<i>бессмертный</i>

III топ

<i>рухани -</i>	<i>заседание</i>
<i>сезім -</i>	<i>чувство</i>
<i>ырым -</i>	<i>духовный</i>
<i>отырыс -</i>	<i>поверье</i>

қуану -	разбудить
ояту -	радоваться
ұйқы -	сон

III кезең. Берілген етістіктерді топтастыру.

I топ

Негізгі етістік	Көсемше	Есімше
дамыған	дамы	дамып
тұрар	тұр	тұра
бар	баратын	барғалы

II топ

Негізгі етістік	Көсемше	Есімше
жазған	жаз	жазып
қалар	қалай	қала
жасағалы	жасайтын	жаса

III топ

Негізгі етістік	Көсемше	Есімше
болған	бол	болып
мақтар	мақта	мақтай
танитын	таны	танығалы

IV кезең. Берілген сөйлемдерге сатылай кешенді талдау жасау.

I топ. *Қына тастан шығады,*

Өнер-білім жастан шығады.

Қына - Қы-на-2 буынды: 1,2-ашық;

қ-дауыссыз, қатаң;

ы-дауысты, жуан, езулік, қысаң;

н-дауыссыз, үнді;

а-дауысты, жуан, езулік, ашық;

Сөзде 4 әріп, 4 дыбыс бар.

II топ. Өнер іздеген өсер, өсек іздеген өшер.
(фонетикалық, морфологиялық, синтаксистік талдау жасау).

Өнер сөзіне фонетикалық талдау жасау.

III топ. Өнерлі өрге жүзер.

өрге сөзіне фонетикалық талдау жасау.

V кезең. «Ә.Қастеев галереясына саяхат» диалогын жалғастыру. Тақтада галерея туралы мағлұмат беріледі.

- Сен қайда барғалы жатырсың?
- Мен көрмеге барғалы жатырмын.
- Көрме қай жерде болғалы жатыр?
- Әбілхан Қастеев атындағы көркемсурет галереясында болғалы жатыр.

- Қай суретшінің көрмесі?
- Белгілі қазақ суретшісі Гүлфайруз Ысмайылованың көрмесі.

- Жүр, онда бірге барайық.

VI кезең. Көп нүктенің орнына тиісті көсемше жұрнақтарын қойып жазу.

I топ

Сәбит жүзгір... кел... жатыр. Болат, сен қайда кет... бар... жатырсың? Мен ертең киноға бар... жатырмын.

II топ

Інім Алматыдан оқы... келді. Мен кітапты оқы... бітірдім. Ол кино көр... келді.

III топ

Мен саған кел... едім, сен кет... қалыпсың. Асан сабаққа дайындалма... келді. Шешемнің уақыты болма... жатыр.

Сабақты 5 жол өлеңмен қорытындылау.

1. Суретші;
2. атақты, белгілі;
3. салды, бейнеледі, сомдады;
4. Қастеев атақты адамдарды бейнеледі;
5. қылқалам шебері.

V. Үйге тапсырма. Ой-толғаныс. «Маған ұнаған суретші» тақырыбына эссе жазып келу.

VI. Оқушыларды бағалау. Топтардың жауаптарын бағалау парағы. Топ басшысы бағаны кезең сайын түсіріп отырады.

Топ аты	1-кезең	2-кезең	3-кезең	4-кезең	5-кезең	6-кезең
Тапқырлар						
Зейінділер						
Алғырлар						

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Т.Артықова, Б.Немеренова. «Қазақ тілі». 7-сынып, Алматы. «Атамұра», 2007 ж.
2. Абай. «Дүниеде, сірә, сендей маған жар жоқ». Өлеңдер жинағы. Алматы. «Жалын», 1990 ж, 99-бет.
3. К.Джунусбекова. «Казахский язык». Алматы. «Рауан», 1995ж.
4. Ш.Бектуров, А.Бектурова. «Казахский язык». Алматы, «Рауан», 1990 ж.
5. Б.А.Тұрғынбаева. «Дамыта оқыту технологиялары». Алматы, 2000 ж.



Қайсысы дұрыс, қайсысы бұрыс?

Рузаев орта мектебінің (Солтүстік Қазақстан облысы, Ғабит Мүсірепов ауданы) қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Гүлмира Жанайдарова өзінің “Қазақ тілінен жазғы сауықтыру алаңындағы жұмыс жоспары” атты еңбегінде киелі жеті санына байланысты “Жеті атаны” - “бала, әке, ата, үлкен ата, баба, түп ата, тек ата” деп жүйелесе, “Жеті ұрпақты” - “әке, бала, немере, шөбере, шөпшек, немене, туажат” деп жіктейді. Біз бұл екеуін “ата, бергі ата, арғы ата, баба ата, ұлы ата, түп ата, тек ата (ататек)” және “ата, әке, бала, немере, шөбере, шөпшек, немене” деп сараладық.

Қадірлі оқырмандар, осы екеуінің қайсысы дұрыс, қайсысы бұрыс деп ойлайсыздар? Өздеріңізден жауап күтпейміз.

Редакциядан.

Жұлдыз СҰЛТАНОВА,
Алматы облысының
Қарасай ауданындағы
«Үшқоңыр» ауылының
«БОТА» балабақшасының
тәрбиешісі.

МЕМЛЕКЕТТІК ТУ - МЕРЕЙІМ!

Мақсаты: мемлекеттік рәміздер туралы түсінік беру, мемлекеттік рәміз – тумен таныстыру, киіз үй туралы түсінік беру, ұсақ қол қимылдарын жапсыру арқылы дамыту, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс: Менің Қазақстаным. Ту.

Орысша баламасы: Мой Казахстан. Флаг.

Әдіс-тәсілдер: әңгімелесу, жапсыру, оқу, талдау, мүсіндеу.

Әрекеттер кезеңі	Тәрбиешінің әрекеті	Баланың іс-әрекеті
Дәлелді түрткі болатын.	Жылулық шеңберін жасап, Қазақстан туралы жылы лебіздерін білдіру. Әнұран орындалады.	Балалар бір біріне жылы лебіздерін білдіреді. - Аспанымыз ашық болсын! - Елбасымыз аман болсын! - Көк байрағымыз желбірей берсін!
Ұйымдас-тыру кезеңі.	- Балалар, мемлекеттік рәміздер туралы не білеміз?	

	- Ту, елтаңба, әнұран – әлемдегі әрбір мемлекеттің рәміздері болып табылады. Олар өзіндік түстері мен мазмұны жағынан ерекшеленіп отырады. Біздің мемлекетіміздің рәміздерін жасау үшін де суретшілер арасында арнайы байқау ұйымдастырылған, комиссия ең таңдаулы деген жұмысты көріп таңдады.	
	- Мемлекеттік тудың авторы Ш. Ниязбеков тудың сызбасын жасау үшін күнімен, түнімен жұмыс істеген. Жүз шақты эскиздер дайындалды. Еліміздің туының мазмұнын түсініп көру үшін мына суретке назар аударайық. Тудың көгілдір түсті болуы – бұл әлемнің ашық аспанының түсі. Тудың ортасында шұғылалы алтын күн. Ол тыныштық пен байлықты бейнелейді. Күннің астында шарықтаған дала бүркітінің бейнесі. Бүркіт - еркіндіктің, бірліктің, үлкен арманның белгісі. Ту қазақтың ұлттық оюымен өрнектелген.	
	- Ою қазақ халқының тарихына, мәдениетіне және ұлттық салт-дәстүрге деген құрметті білдіреді. Күн, бүркіт, ұлттық ою - алтын түстес болып келген. Бұл көп ұлтты Қазақстан Республикасының байлығы мен бақытын білдіреді.	
	Т. Молдағалиевтің «Көк ту» елеңі оқылады.	Айнымайды аспаннан Біздің тудың бояуы. Оны халық қашанда Биікке іліп қояды. Т.Молдағалиев.

	- Суретші Шакен ағамыз сияқты кішкентай ту жасап көрейік. Бейнелеу өнері: «Ту» тақырыбына жабыстыру. Балалар туды көк қағаздан қиып, ақ қағазға жапсырады. - Балалар, Отан туралы мақал – мәтелдерімізді айтайықшы.	Көк аспанда - қызыл Күн, Көк аспанда - жас қыран. Естілгендей біздің үн Сол ғарыштың астынан. Отан - оттан да ыстық. Отансыз адам - ормансыз бұлбұл. Ер қанаты - ат. Ат - адамның қанаты, Ас - адамның қуаты.
	Ойын: «Тақия тастамақ». Қ. Баянтаев. «Киіз үй». Оқу. Талдау. Киіз үй сонау ежелгі заманнан бері көшпелі халықтардың баспанасы болып келген. Киіз үйдің қазақ даласында пайда болғанына үш мың жылдай уақыт өтті. Киіз үй - біріншіден, көшіп қонуға қолайлы баспана.	
	Оны тез бұзуға, шапшаң тігуге болады. Бір киіз үй бір түйеге ғана жүк болған. Қазір де мал бағатын адамдар киіз үйді пайдаланады. Қыста жылы, жазда салқын болады.	

	Киіз үйдің негізгі бөліктері : кереге, уық, шаңырақ, есік, түндік, баулары. Олар кептірілген талдан, қайыңнан, қарағаш сияқты ағаштан жасалады. Енді, балалар, киіз үйге арналған тақпағымызды айтайықшы. Енді, балалар, осы киіз үйді мүсіндеп көрейік. Бейнелеу өнері : «Киіз үй» тақырыбына мүсіндеу. Сергіту сәті. »Шаңырақ». Көтеріліп шаңырақ, Керегелер керіліп, Өрімдей боп өріліп, Бәріміз жүрсек айналып, Киіз үй боп көрініп.	Қ. Баянбаев. «Киіз үй». Атам менің айбынды, Атам менің сүйікті. Бір қойнауға шалғынды Киіз үйін тігіпті. Алдымдағы арнаулы Шопан үйі - дөнгелек. Ақша бұлттан аумайды Қонақтаған жерге кеп. Н.Айтов. «Уық». Дегеніміз уықтар - Имек басты сырықтар Шаңырақты уысқа ап Тұрады ылғи нық ұстап.
	Балаларға сұрақ қойып жауап алу.	
	Сабаққа белсенді қатысқан балаларды мақтап - мадақтау.	

Күтілетін нәтиже:

Білу: Барлық тәуелсіз мемлекеттер сияқты Қазақстан Республикасының да мемлекеттік рәміздері бар.

Болу: Ту - мемлекеттік рәміздің бірі. Тудың түсі көгілдір. Онда шұғылалы алтын Күн, алғыр қыран құс, ұлттық ою бейнеленген.

Істей алу: Көк байрағымызды жапсыру.

БІЗДІ СӨЙЛЕТКЕН КӨКТЕМГІ ЕҢБЕК

Мақсаты: білімділік – көктемгі еңбек жайында білімдерін кеңейту; **дамытушылық** – сөйлеу тілдері мен шығармашылық қабілеттерін дамыту; **тәрбиелік** – еңбекке баулу.

Типі: аралас сабақ.

Әдіс-тәсілдері: сұрақ-жауап, түсіндірмелі, шығармашылық, көрнекілік, әңгімелесу.

Көрнекілігі: слайд, деңгейлік тапсырмалар, мәтін, жаңа сөздер, интерактивті тақта.

Сабақтың барысы: I. Ұйымдастыру:

А) амандасу;

Ә) кезекшімен сұхбаттасу.

II. Үй жұмысын тексеру. 2-тапсырма, 107-бет. Етістіктің шақтарын анықтау. Бекіту, 1-тапсырма, 108-бет.

№1-кәртішке

«Гибрат» - сөзіне фонетикалық талдау жаса.

Сөзде: ... әріп, ... дыбыс, ... буын, ... дауысты дыбыс, ... дауыссыз дыбыс.

ғ-[ғ]-

и-[и]-

б-[б]-

р-[р]-

а-[а]-

т-[т]-

№2-кәртiшке

Синтаксистiк талдау жаса.

Көктемде ағаштарды егедi.

№3-кәртiшке

Сөз құрамына қарай талда.

Баласымен, өрмекшiнi, шыбынға.

(Жауап үлгiлерi бойынша өздерiн бағалайды).

III. Жаңа тақырыпқа дайындықтарын тексеру.

IV. Сабақ мақсатын қою.

V. Жаңа мағлұматты қабылдау кезеңi, қызығушылықтарын ояту, слайд көрсету. Слайд бойынша әңгiмелесу.

Жаңа сөздермен жұмыс жүргiзу:

A) оқу;

Ә) сөздердiң мән-мағынасын ұғындыру;

Б) сөз тiркестерiмен сөйлемдер құрату.

өрмекшi, өрмек, құмырсқа, жәндiктер, гибрат, сабақ, үлгi, маса, шыбын, ұя, тұзақ.

Мәтiнмен жұмыс:

A) түсiнiп оқу;

Б) мазмұндау.

Ата мен баласы.

Атасы өзiнiң баласымен далада келе жатып, баласынан сұрады:

- Балам, анау өрмекшiнi көрдiң бе? Не iстеп жүр?

- Өрмек тоқып жүр.

- Анау құмырсқаны көремисiң ?

- Иә, аузында бiр нанның қикымы бар, жүгiрiп бара жатыр.

- Жоғары қара, көкте не көрiнедi?

- Жоғарыда қарлығаш ұшып жүр. Аузында шөп бар.

Сонда атасы айтты:

- Олай болса, балам, ол кiшкентай жәндiктер - саған гибрат.

Өрмекші маса мен шыбынға тұзақ құрып жүр. Ұстаған соң өзі жейді. Құмырсқа өзінің балаларына тамақ апара жатыр. Өзі жемей, аузына тістеп, қуанып үйіне кетіп бара жатыр.

Қарлығаш та өзінің балаларына ұя істеуге шөп жинап жүр.

Көрдің бе, жұмыссыз жүрген бір жан жоқ.

Енді өзің ойланшы. Сені де Құдай тағала босқа жүруге жаратпаған. Жұмыс істеуге өзінді үйрет.

V. Түсініктерін тексеру. Мәтіннен қандай үлгі-өнеге алуға болады? Еңбек жайында қандай мақал-мәтелдерді білесіңдер?

VI. Шығармашылық меңгеруін ұйымдастыру.

III деңгей

1. Суреттер бойынша әр түрлі сөз тіркестерін құраңдар.

2. Әр суретке сұрақ қойыңдар.

II деңгей

Көктемдегі жылы күндер басталғанда адамдардың қандай жұмыспен айналысатынын өзара сөйлесу арқылы анықтаңдар.

Керекті сөздер мен сөз тіркестері: жеміс, жидек, ағаштары, өсіру, егу, егін, жасау, сенбілік, картоп, жырту, жер, қойды қоздату, сиырды бұзаулату.

I деңгей

Суреттер бойынша шағын әңгіме жазыңдар.

VII. Жалпылау және жүйелеу.

«Ата мен баласы» мәтінінің авторы бар ма?

Ы.Алтынсариннің тағы қандай шығармаларын білесіңдер?

VII. **Үйге тапсырма:** сөздерді есте сақтау, «Көктемгі еңбек» тақырыбына сөзжұмбақ құрастыру.

IX. **Сабақты қорытындылау.** Нені білемін? Не білдім? Не білгім келеді?

ӘНГІМЕ АРҚАУЫ - МЕНІҢ ҮЙІМ

Сабақтың мақсаты: білімділік – «Үй» тақырыбына байланысты сөздерді білу. Сөздерді дұрыс айтып, сөз тіркестерін құрастыра алу, сұрақтарды дұрыс қойып, оған жауап бере алу, «бөлмем, қонақ бөлмесі, ас үй» тақырыптарына әңгіме құрастыра алу. Тәуелдік жалғауларын дұрыс жалғауды үйрету; **дамытушылық** – оқушылардың сөздік қорын, сөйлемдерді дұрыс құрастыра алуын жетілдіретін отырып, коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру және дамыту; **тәрбиелік** – тазалыққа, ұқыптылыққа, ұжымда жұмыс істей алу қабілетіне тәрбиелеу.

Типі: пысықтау сабағы. **Түрі:** интерактивтік сабақ.

Көрнекіліктер: интерактивтік тақтадағы флипчарт, кеспе қағаздар.

Әдіс–тәсілдері: интерактивтік әдіс, проблема қою, топтық және жұптық жұмыс, сұрақ-жауап, бір-бірін тексеру, ізденіс.

Сабақтың барысы: I. Ұйымдастыру кезеңі.

Сәлемдесу, оқушыларды түгелдеу, сабақтың мақсатын түсіндіру.

II. Тіл жаттықтыру. Орыс тілінен қазақ тіліне көшу. Осы мақсатта **флипчарттың 1- бетінде** «Күз» тақырыбына арналған сурет. Сурет бойынша сұрақтар:

1. Суретте қай мезгілді көріп тұрсыңдар?
2. Күз айлары қандай?
3. Мынау не? (ағаш)
4. Ағаш жапырақтары қандай?


5. Мынау нелер? (құстар)

6. Құстар қайда ұшып кетеді?

7. Күзде тағы да қандай өзгерістер болады? (оқушылар өз ойларын айтады)

III. Флипчарттың 2-беті:

- Балалар, біз қазір үй салуымыз қажет. Үйді салу үшін оның құрамдас бөліктерін және бөлмелерінің атауларын жазып өтейік. Әр оқушы кеспе қағазға жазба түрінде көрсетеді. (Кім көп сөз жазады?) Нәтижесі экрандағы жазылыммен салыстырылады. Экрандағы нәтиже мына тірек-сызба арқылы көрсетіледі:



IV. Тәуелдік жалғауларын пысықтау.

Флипчарттың 3-беті.

Экранда «үй, бөлме» сөздері тәуелденген. Экран беті жабылады. Оқушылар екі нұсқада жұмыс істейді. Жұмыс аяқталғаннан кейін экран беті ашылады. Жұмыс нәтижесін оқушылар бір-бірін тексеру арқылы жүргізеді, нәтижесін оқушылар бір минут ішінде айтып өтеді (яғни, жұптасып жұмыс істеу. Дұрыс жазған оқушыларды мұғалім өзіне белгілеп отырады.)

V. Сергіту сәті. Экранда - «Қаражорға » биі.

VI. Флипчарттың 4-беті.

Топқа бөлу. Экранда «Менің бөлмем, қонақ бөлмесі, ас үйде» тақырыптарындағы суреттер. Сынып үш топқа бөлінеді.

1-топ: **Менің бөлмем.** 2-топ: **Қонақ бөлмесі.** 3-топ: **Ас үйде.**

Үш топтың да орындайтын тапсырмалары:

- тақырыпқа байланысты сөздер;

- тақырып бойынша сұрақтар құрастыру;
- тақырып бойынша әңгіме құрастыру;
- сұрақтарға жауап беру.

(Әр топ сұрақтарды қалған екі топқа қойып отырады. Оқушылар білімін бағалау сөздер санына, сұрақтарды дұрыс қоя алуына, сөйлемдердің дұрыстығына және сөйлем санына байланысты жүргізіледі.)

VII. Флипчарттың 5-беті. Жұмбақ.

Көрсетеді, сөйлейді,

Өзі ешкімді көрмейді. *(Теледидар)*

VIII. Флипчарттың 6-беті.

Өздік жұмыс. Сөйлемдерді дұрыс құра.

1. Қабатқа, шықтым, мен, баспалдақпен, екінші.
2. Көшесіндегі, менің, Абай, үлкен, үйім.

IX. Флипчарттың 7-беті. Өзінді тексер.

1. Мен екінші қабатқа баспалдақпен шықтым.
2. Абай көшесіндегі менің үйім үлкен.

X. Флипчарттың 8-беті. Сабақты бекіту, бағалау.

Тірек-сызба бойынша «Өз үйі» туралы әңгімелеу және сұрақ-жауап жұмысын жүргізу. Әр оқушының сабаққа қатысу ынтасын ескеріп, қосымша бағаларын толықтырып қою.

Үй жұмысы. Үй жұмысы оқушыларға білім деңгейі мен қабілетіне қарай беріледі. «Өз үйі» туралы шағын әңгіме құрастырып келу және сөздіктерді қайталау. Сөйлем санына және көркемдігіне қарай бағаланатындығы туралы түсініктеме беріледі.



Ардақ АХМЕТБЕКҚЫЗЫ,
Шемонаиха қаласындағы
№19 кәсіптік лицейдің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ТАҚЫРЫПТЫҚ БАҚЫЛАУ ЖҰМЫСЫ

1. Дулат Бабатайұлының қандай поэмасы бар? Поэмада кім туралы айтылады? (Еспембет поэмасы бар. Поэмада жетім бала туралы айтылады.)
2. Махамбет Өтемісұлын қай жылы, қай жерде, қалай өлтірді? (1846 жылы күзде Қарой деген жерде қылыштап өлтірді.).
3. Махамбеттің ерекше қадірлеп, аға тұтып сыйлаған адамы кім? (Исатай)
4. Шортанбай Қанайұлы қай ғасырда өмір сүрді? (XIX ғ.)
5. Шортанбай Қанайұлы өз кезінде өлең-жырларына нені ту етті? (ұлттық тәуелсіздікті)
6. Сүйінбай Аронұлының шәкірті кім? (Жамбыл Жабаев)
7. Сүйінбай Аронұлының 13-14 жасында шығарған өлеңі қалай аталады? (Түс)
8. Сүйінбай – қандай ақын? Ол ақындықты неден бастаған? (Сүйінбай – ірі айтыс ақыны. Ол ақындықты айтыстан бастаған.)
9. Майлықожа Сұлтанқожаұлы қай жылы қайтыс болды? (1898 жылы қайтыс болды.)
10. Майлықожа Сұлтанқожаұлы нені жырлаған, көптеген өлеңдерінде неге үндеген ақын? (М. Сұлтанқожаұлы махабат бостандығын жырлап, адал еңбекке үндеген.)
11. Қашаған Күржіманұлы қай қалада дүниеге келген? (Қ. Күржіманұлы Ташауыз қаласында дүниеге келген.)

12. Қашаған Күржіманұлы өзіндік ой- пікірін, өмірден түйгендерін қандай өлеңдерінде тұжырымдап ашық көрсеткен? (Бұл өмірдің мысалы, Бұл дүниеде не жетім.)
13. Мұрат Мөңкеұлының өлеңдерінен нені байқауға болады? (М.Мөңкеұлының өлеңдерінен халқының қамын ойлағаны, елім, жерім деп толғанғанын байқауға болады.)
14. Ш. Уәлиханов кім? Ол қандай очерк жазған? (Шоқан Ғалым, саяхатшы, географ, этнограф, тарихшы, публицист жазушы. Ол жоңғария очерктерін жазған)
15. Шоқанның шын аты кім? (Мұхаммедханафия)
16. Ы. Алтынсариннің атасының аты кім? Ыбырайды кім тәрбиелеген? (Атасының аты - Балқожа. Атасы тәрбиелеген.)
17. Ыбырайдың әңгімелерін жаз? (Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш. Атымтай жомарт. Әке мен бала. т. б.)
18. Ы. Алтынсаринның “Кел, балалар, оқылық!” өлеңінен үзінді жаз.
19. А. Құнанбайұлы қай жылы, қай жерде дүниеге келген? (1845 жылы Семей облысындағы Шыңғыс тауында)
20. А. Құнанбайұлының қандай поэмалары бар? (Ескендір, Масғұт, Өзімнің әңгімесі.)
21. Абайдың шын аты кім? (Ибраһим)
22. Мағауия Құнанбаевтың әкесі кім? (Абай)
23. Мағауия Абайұлы қай жылы, қалай қайтыс болды? (1904 ж ауырып қайтыс болды.)
24. Шәкәрім Құдайбердіұлы Абайға кім? (Абайдың бауыры)
25. Шәкәрімнің ерекше ақылдығы неше жасынан байқалады? (4-5 жасынан)
26. Ж.Жабаевтың ақындыққа құмарту сезімі неше жасынан оянған? (13 жасынан оянған.)
27. Жамбыл неше жыл өмір сүрген? (99 жыл)
28. XIX ғасырдың 2-ші жартысындағы өнер жұлдыздарын ата? (Біржан сал, Жаяу Мұса, т.б)



Махаббат МАНАТҚЫЗЫ,
Ақмола облысының
Астрахан ауданындағы
№4 «Жалтыр» орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

«БҮГІН БІЗДЕ БЕС САБАҚ»

Мақсаты: орыс тілінде білім алатын оқушылардың қазақ тіліне деген сүйіспеншіліктерін арттыру, мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру; оқушылардың тез ойланып, жауапты жүйелі түрде шапшаң қайтара білуге, өздерін көрермендер алдында еркін ұстап, қысылмай сөйлеуге баулу.

Түрі: интеллектуалды ойын.

Іс-шараның өтілу барысы:

Іс-шараға 5-сынып оқушылары қатысады. Екі топқа бөлінеді.

Әділқазылар алқасымен таныстыру.

I. Математика сабағы:

1. Кел, санайық:

«Жейдемеде қанша түйме бар?»

Үстімдегі жейдеме

Көз саламын кей-кейде.

Түймелерге қараймын,

Қайта-қайта санаймын:

Бес түйме бар өңірде,

Екі түйме – жеңімде.

Төс қалтаны түймелер

Қос оған бір түймені.

Жапсырылған қиықша-

Екі погон - иықта.

Апам бұған жаңадан

Екі түйме қадаған.

Қаниша болды түймелер,

Жауабын тез кім берер? (12)

2. Кім тез? Сөздерді оқып, аудар.

Математикалық оқулар

$$m + 10 =$$

$$3 + кір =$$

$$6 + н =$$

$$5 + ік =$$

$$к + 3 + ті =$$

$$с + 10 + а =$$

$$100 + ім =$$

$$қ + 10 + ақ =$$

$$к + 2 + л =$$

$$8 + көз =$$

II. Қазақ әдебиеті сабағы:

1. Жұмбақты шеш:

1) Қолында қаламы жоқ, бірақ сурет салады көп. (Мұз)

2) Өзі ащы, бірақ дәмді етер асты. (Пияз)

3) Қысы-жазы шешпейтін, көйлегі бар жасылдан.

(Шырша)

4) Мойыны сұрақ белгісі, бұл қандай көл құсы? (Аққу)

5) Түрі жылқы бейнесі, жолақ-жолақ жейдесі. (Зебр)

6) Кезікті бір жануар, үстінде екі тауы бар. (Түйе)

2. Мақалды жалғастыр:

1) Жері байдың - ... (елі бай)

2) Оқу – инемен құдық ... (қазғандай)

3) Отан – оттан да ... (ыстық)

4) Еңбек етсең ... (емерсің)

5) Білекті бірді жығады,

Білімді ... (мыңды жығады)

6) Үлкенге - құрмет,

... (кішіге - ізет)

III. Орыс тілі сабағы:

1. Ойды жалғастыр!

1) Зреет красная калина, соберет ее ... (Галина)

- 2) Дети в скверике сидели и мороженное ... (ели)
 3) Ночью темень. Ночью тишь. Рыбка, рыбка, где ты ...
 (спишь)
 4) Мы пришли сегодня в гости, принесли собачке ...
 (кости)

5) Сверху солнышко печет, а внизу река ... (течет)

6) Он упал с обрыва в реку, помогите ... (человеку)

2. Кім тапқыр?

Жасырын тұрған 10 тұйық етістікті тап

Найти 10 спрянутных глаголов в неопределенной форме
 (по вертикали и по горизонтали)


(Ловить, петь, лететь, сидеть, вертеть, дарить, плыть,
 есть, переходить, настоять)

к	м	л	о	в	и	т	ь	л	р	м
й	п	е	р	е	х	о	д	и	т	ь
к	о	т	с	р	а	г	а	п	а	н
о	м	е	и	т	з	и	р	и	с	а
н	п	т	д	е	и	р	и	с	м	с
й	к	ь	е	т	о	л	т	н	д	т
и	е	с	т	ь	т	н	ь	и	т	о
п	е	т	ь	р	и	о	д	ю	о	я
н	й	н	о	т	д	д	ш	м	в	т
щ	к	а	н	а	о	п	л	ы	т	ь

IV. Қазақ тілі сабағы: 1. Сөзді аудар:

- 1) ухо – ... (құлақ); 2) верблюд – ... (түйе);
 родник – ... (бұлақ). вишня – ... (шие).
 3) дорога – ... (жол); 4) дерево – ... (ағаш);
 рука – ... (қол). бумага – ... (қағаз).
 5) восемь – ... (сегіз); 6) где? – ... (қайда?);
 море – ... (теңіз). зеркало – ... (айна).
 7) расческа – ... (тарақ); 8) счастье – ... (бақыт);
 урок – ... (сабақ). время – ... (уақыт).

2. Ребусты шеш: Аң патшасының атын оқы (Арыстан)



V. Тарих сабағы: 1. Сұраққа жауап бер:

(сұрақтар сандықшаның ішіне салынады, әр оқушы бір сұраққа жауап береді)

1. Қазақ тілі қай тілдер тобына жатады?
2. Қазақтың үш биін ата.
3. Қазақ тілі қай жылы мемлекеттік мәртебе алды?
4. Еліміздің Президенті қашан сайланды?
5. Тәуелсіз ҚР-ның рәміздері қашан қабылданды?
6. 1998 жылға дейін Астана қаласы қалай аталды?
7. Төл теңгеміз қашан айналымға енгізілді?
8. Қазақстан халықтарының тілдер мерекесі қашан тойланады?
9. Қазақстан қандай мемлекеттермен шектеседі?
10. Қазақ халқының тұңғыш ғарышкері кім?
11. Қазақ халқының қандай ұлттық ойындарын білесің?
12. Біздің Республикамызда қанша ұлт өкілдері тұрады?
13. 1995 жылы 30 тамызда Республикалық референдумда не қабылданды?

14. Үш жүздің басын қосқан хан?
15. Экологиялық апатқа ұшыраған теңіз?

2. Жалпы сұрақ: заттың түсін білдіретін сөздерден басталатын қала атауларын ойлап тап.

(Қызылжар, Қарағанды, Ақтау, Көкшетау, Ақтөбе)

Іс-шараны қорытып, әділқазылар сөз сөйлейді.

Жеңімпаздарға сыйлықтар беріледі.

Ақмарал МЕЙІРМАНОВА,
Қарағанды облысының
Сәтбаев қаласындағы
«С.Сейфуллин атындағы гимназия»
мемлекеттік мекемесінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

СӘКЕН - ЖЫРДЫҢ САРҚЫЛМАС ДАРИЯСЫ

- Атыңнан айналайын қайран Сәкен,
Ұмытпан демім бар да тұлғанды әсем.
Ту ұстап, тұлпар мініп, қол бастаған,

«Тар жолда тайғақ кешіп» болдың көсем, - деп Сәбит
Мұқанұлы жырлағандай, С.Сейфуллин ұрпақтарға ұлан-
ғайыр мұра қалдырып кеткені баршамызға аян.

Бүгін біз сіздермен мектебімізге есімі берілген жазушы,
ақын, қоғам қайраткері, ел үшін еңіреген ер, қайтпас
күрескер Сәкен өлеңдерін мәнерлеп оқу сайысына жиналып
отырмыз. Олай болса, көкірегінің көзі ашық, жыр сүйер
қауым, «Сәкен-жырдың сарқылмас дариясы» атты мәнерлеп
оқу сайысына қош келдіңіздер!

Сайыстың мақсаты:

Ақынның өрісті ой, өшпес көркем мұрасын насихаттау,
оқушыларға ұлттық, адамгершілік тәрбие беру, оқушының
мәнерлеп оқу шеберлігін шыңдау арқылы ақын поэзиясын
жүрегімен сезіне білуге тәрбиелеу, құштарлығын ояту.

Сайыстың ақ-қарасын ажыратар әділқазылар алқасымен
таныстырып өтуге рұқсат етіңіздер!

Аламан бәйгеде оза шауып, шашасына шаң жұқтырмаған
ерен жүйрік, лирик ақынның өмір жолы әр алуан. Оны

біріміз білсек, біріміз біле бермейміз. Енді, бір сәт ақынның өмірдеректеріне жүгінейік.... (Слайд арқылы көрсете отырып баяндау)

Сарыарқаның бір тауы бар,

Бір тауы бар сымбатты.

Сол таудан сен сыр тауып ал,

Сыр тауып ал, қымбаттым,- деп сол бір мәңгілік көштің сырлы әуеніне, жадымызда жаңғырған жыр жолдарына құлақ салу үшін сайысымызды бастауға рұқсат етіңіздер!

Ортаға өзге ұлт өкілдерінің оқушыларын шақырамыз.

6-сынып оқушылары Валиев Д., Макулова К.

- «Сәкеннің әкесі Сейфолла өз еңбегімен күн көрген саятшы, домбырашы, ақ жарқын, әңгімешіл адам болған. Шешесі - Жамал да ел әдебиетін жақсы білген. Осы орта жас Сәкеннің халық өнеріне деген сезімінің оянуына көмектескен», - дейді академик С.Қирабаев.

- 1905 жылы әкесі Сәкенді 11 жасында Нілді зауытына оқуға жібереді. Сәкен орысша үйреніп, зауыттың орыс-қазақ мектебінде оқиды. Еңбек адамдарының ортасында болған келешек ақын ерте есейеді. Отаршылдық езгімен, ұлттық қанаумен ерте танысқан Сәкеннің өлең жазбауы мүмкін емес еді.

Ортаға 7-сынып оқушылары А.Дудникова мен Н.Гимаеваларды шақырамыз.

- Ақынның шығармашылығы 30-жылдары кінәсіз репрессияға ұшырап, оның есімі тек 1957 жылы ғана ел тарихымен қайта қауышты.

Сәкеннің шығармаларын біржақты, тек кеңес кезінің туындысы деп қараған дұрыс емес. Оған көз жеткізу үшін ақынның өлеңдеріне үңілейікші. Ортаға 9-сынып оқушысы Югай С., Валиева А. шақырамыз.

- Қазақ ұлтының зиялы элитасы - саяси күресте шынығып, өз елінің мүддесі үшін жәйлі күй кешпеген ұрпақ. Оларға

тән мәрттік, турашылдық, әділдікті біз бүгін аңсаймыз.

- Ендеше ортаға қазақ бөлімінің оқушыларын шақырамыз. Олар Сәкен өлеңдерімен қоса, Сәкенге арнап шығарған ақындардың жыр жолдарын тарту етеді.

Сәкен Сейфуллин үкіметті басқарған жылдары қазақ тілі – мемлекеттік тіл болды, кеңсе қағаздары қазақ тілінде жүрді. Қазақтың «Киргиз» емес, «Қазақ деген» аты бар екенін айтып, төл атын қайтартқан ұлы тұлға. Ендеше ортаға 7-сынып оқушысы Илиясова Оралды шақырайық.

...Айна көлді мекен еткен

Бір-екі аққу бар еді.

Мақсатына бірге жеткен,

Екі ғашық жар еді,-деп ортаға 8-сынып оқушылары Ораз Б., Оразалы М., Бағдат Т. шақырамыз.

- «Ақын жыры алыстарды жақындатты, биіктерге көзімізді жеткізді. Біздің сана-сезімімізге жырдан жаңа таныс, жаңа көз тапты. Бұл ұстаз болатын ағаға лайық қасиет еді. Мен бүгін де сол үшін ақын шабытының алдында бас иемін», -деп Ә.Тәжібаев айтқандай, келесі кезекті 9-сынып оқушыларына берейік. Ортаға Ғабдулахитов А., Ораз А., Мұхамедина Т. шақырылады.

- Кімге обалым, айтыңдаршы,

Қаным қайда төгілген?

Ат деген кім? Атқан кайсың?

Қабірім қайда көмілген?..

Бұл - Сәкен ағаның дауысы. Өкінішке орай, бұл сұраққа алдыңғы толқын - аға ұрпақ та, кейінгі толқын - біз де жауап бере алмаймыз... Бірақ, бір нәрсе анық – нақақтан күйіп кеткен Сәкендей асыл ағаларымыздың обалы-опасы жоқ суайттарда, әділетсіздікпен бетпе-бет келгенде көзі жұмылған, тілі күрмелген екі жүзді көлгірлерде, «басына бұлт төнсе іздеп таба алмайтын» көлеңке доссымақтарда. Олардың бойында оянбай қалған адамдық қасиеттеріне

тамызық болып ояту-біздің азамат алдындағы борышымыз...

Осы жолда пана болар, алдымызға салар ағамыз бар.

- Ол - қалың зеңгір, күзды шатқа жарасқан тіп-тік шыңдай
тәні де, жаны да сұлу, Сәкен аға, Сізсіз!

- Құрметті жыр сүйер қауым! Бүгінгі сайысымыз
өз мәресіне жетіп қалды. Осы сайыс барысында сіздер
ақын жырларын оқып, тыңдап қана қоймай, өмірі мен
шығармашылығы туралы аз да болса мәлімет алды деп
ойлаймыз. Ендеше, сайыс қорытындысы шығарылғанша
ақын өлеңдеріне жазылған әндерге кезек берейік...

- «Сәкен-жырдың сарқылмас дариясы» атты мәнерлеп
оқу сайысының қорытындысын жариялау үшін әділқазылар
алқасына сөз беріледі.

- Асуы жоқ асулардан асайық,
Ашылмаған тас қақпаны ашайық.
Болмағанды болдырайық дүниеге,

Жаңа тұрмыс жаңа жерге жасайық! - деп ақынның ой
мен сезім астасқан жырларын жаттаған жас қауым да ақын
өлеңдерін ешқашан естен шығармайды деп сенеміз. Назар
аударып, тыңдағандарыңызға көптен көп рахмет. Келесі
кездескенше, сау болыңыздар!



Әлия АЙТУҒАНОВА,
Өскемен қаласындағы
Шығыс Қазақстан Халықтарының
тілдері мен мәдениетін түлету
мектебінің мұғалімі.

КҮЙ АТАСЫ - ҚҰРМАНҒАЗЫ

Сабақтың мақсаты: білімділік – Құрманғазының өмір жолымен таныстыру. Күй туралы түсінік беру, күйлердің шығу тарихын әңгімелеу, өлеңдер оқу; **дамытушылық** – музыка тыңдауды үйрету, Құрманғазының күйлерін тыңдап, эмоционалды әсер алу, композитордың күйлеріне қызығушылықтарын ояту, сұрақ-жауап арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту, еркін сөйлеуге дағдыландыру; **тәрбиелік** – тілді үйренуге деген қызығушылықтарын арттыру және тілге, елге, жерге деген сүйіспеншіліктерін ояту.

Түрі: әдеби-музыкалық композиция сабағы. **Пәнаралық байланыс:** әдебиет, тарих, музыка, сахналық көрініс, дүниетану. **Әдіс-тәсілдері:** түсіндіру-әңгімелесу әдісі, сұрақ-жауап әдісі, оқушылардың өзіндік іздену әдісі (реферат). **Көрнекілігі:** Құрманғазының портреті, күй таспалары, домбыра, нақыл сөздер жазылған плакаттар: «Сағырбаев - музыкаға қабілеттілігі жағынан сирек кездесетін тұлға. Еуропаша білім алса, ол музыка әлемінде ең жарық жұлдыздың өзі болған болар еді» /Н.Савичев/, мақал-мәтелдер жазылған плакаттар: «Өнер өлмес, үміт сөнбес», «Өнер көзі - халықта», «Өнерлі адам бай болмас, бай болса да жәй болмас», «Кісен ашқан» деректі фильмі, буклеттер, аспаптар және кітап көрмесі, оқушылардың рефераттары.

Сабақ барысы: 1. Ұйымдастыру кезеңі:

а) Амандасу; ә) ҚР Мемлекеттік Әнұранын орындау. Әнұран орындалып жатқан кезде экранда Қазақстан елі, оның әсем табиғаты, Астана мен Елбасы туралы слайдтар көрсетіледі; б) Сабақтың тақырыбымен таныстыру.

2. Жаңа материалды игеру.

Мұғалім: - Сәлеметсіздер ме, құрметті қонақтар, әріптестер, оқушылар. Бүгін сіздердің назарларыңызға «Күй атасы - Құрманғазы» атты сабақты ұсынамыз. Орыстың этнограф ғалымы, журналист, ақын Н.Савичев былай деп жазған: «Сағырбаев - музыкаға қабілеттілігі жағынан сирек кездесетін тұлға. Еуропаша білім алса, ол музыка әлемінде ең жарық жұлдыздың өзі болған болар еді».

Бүгінгі сабақта Құрманғазының өмірбаянымен және оның шығармаларымен танысасыздар.

1-оқушы: Жұмбақ.

Үш қызық, екі желі, тоғыз нөқта,

Теңселіп тербеледі адам соқса.

Шешен тіл, сөзге жүйрік болғанымен,

Не пайда, үндемейді адам жоқта. /домбыра/

2-оқушы: Домбре, а точнее музыкальным произведениям созданным на этом загадочном для людей других национальностей инструменте посвящается наш урок. Мы говорим загадочным для представителей других национальностей, потому что урок посвящен **Кюям - казахским народным инструментальным пьесам, исполняемым на домбре и на других народных инструментах**, которых надо понять душой, почувствовать всем сердцем. Кюи Курмангазы смогли затронуть струны души казахов, русских, англичан и американцев. Этим словом подтверждение выступления по всему миру академического оркестра имени Курмангазы, которому около 80 лет и рок-группы «Улытау». Кюй «Адай» в рок-

аранжировке стал визитной карточкой популярной рок-группы «Улытау». Исполнив композицию в США, группа завоевала золотую медаль на Международном чемпионате искусств. *Звучит кюй «Сарыарқа».*

3-оқушы: - Мұндасы, көшкен елдің қиялдасы,
Ал, тебірен, ақ сақалды күй атасы.
Келеді сені тындап баяғыдан
Өлкенің өзен, тауы, қия тасы.

Білмеймін, қанша жанға күйің дарып,
Ашулы, ащы өзегін өтті жарып...
Білмеймін, «Сарыарқаңмен» қош айтысып,
Қанша жан қабіріне кірді барып.

4-оқушы: - Воскресни, седовласый исполин,
Певец степей казахских и долин,
И пусть увидят нынешние люди
Твое лицо и свет твоих долин.
И сколько современников твоих,
Несчастливых соплеменников родных.
Твоей «Сарыаркою» упивались,
Грозою проникал ты в души их.
И перед смертью, перед вечным сном
Они жалели только об одном,
Что расстанутся с кюями твоими,
Что не услышат их на свете том.

5-оқушы: - «Сарыарқа» күйін Құрманғазы атамыз өзінің туып-өскен жері Жайық бойындағы Сарыарқаның табиғатына арнады. Ұлы сазгер қазақтың дарқан даласында жаңа заманды аңсады. Біз күйден «дарқандық, еркіндікке ұмтылғандық» сарынды көзге елестетеміз.

6-оқушы: - Саржайлауым менің,
Ән жайлауым менің,
Жан жайлауым менің,
Беу-беу Сарыарқа!

7-оқушы: - Күй «Сарыарка» - это вершина творчества Курмангазы. Он вошел в золотой фонд мирового искусства. «Сарыарка» внесен в известный список ЮНЕСКО. В этом кюе Курмангазы воспевал красоту родного края, природы, бескрайние степные просторы. Изображал стремительный бег летящих коней. Передавал чувства восхищения, гордости и любви к своему народу.

8-оқушы: - Ұлы күйші, дарынды сазгер - Құрманғазы Атырау облысының, Теңіз ауданындағы, Жиделі деген жерде 1823 жылы туды. Топырақ бұйырған орыны — Астрахань (Ресей) облысының бұрынғы «Шайтани бата», қазіргі «Құрманғазы төбе» деп аталатын жер. Шыққан тегі - Кіші жүз, он екі ата Байұлынан өрбіген Сұлтансиықтың Қызылқұрт бұтағы. Әкесі - Сағырбай - бүкіл өмірін байлардың малын бағумен өткізген адам.

Құрманғазының анасы - Алқа елге сыйлы, еті тірі адам болған. Алқаның ағалары шетінен ақын, домбырашы екен. Ол нағашыларына тартып, домбырашылық өнермен айналысады. Бөкей хандығына атағы жайылған Ұзақ деген күйші ауыл-ауылды аралап, «кішкентай күйші бала бар» дегенді естіп, Сағырбайдың үйіне келеді. Күйші Құрманғазының домбыра тартқанына сүйсініп, болашақ талантын аңғарып, ақ батасын береді.

9-оқушы: - В начале XIX столетия, в год Барса по народному исчислению (1823г.) в урочище Жидели родился в юрте бедняка Сагырбая мальчик, которого родители назвали Курмангазы. Отец его, человек тихого нрава, спокойный и уравновешенный, не стремился к большему. Рано появившаяся склонность мальчика к музыке не вызывала одобрения. В его роду доселе не было ни певцов, ни домбристов. Мать Курмангазы Алка человек яркой индивидуальности и сильной воли, наоборот, разделяла любовь сына к музыке. В роду Алки были одаренные

акыны, кюйши, певцы. Поэтому она старалась поддерживать маленького Курмангазы в его детских музыкальных затеях. Однако, под давлением жестокой нужды он уже в шестилетнем возрасте отдан в пастухи. Звуки природы: журчание рек, свист ветра, раскаты грома, пение птиц, песни и игра пастухов на сыбызгы наполняли его душу своим очарованием. В родном ауле Курмангазы с увлечением слушал заезжих кюйши, среди которых особо выделялся Узак. В юном Курмангазы Узак заметил особый интерес к музыке. Он прослушал его музыку и предсказал Курмангазы большое будущее. 3. «Балбырауын» күйі тыңдалады.

4. Полад Бул-Бул-оглы Құрманғазы туралы /«Кісен ашқан» фильмінен үзінді көрсетіледі.

10-оқушы: - XIX ғасырдың отызыншы жылдарының аяғында Құрманғазының алғашқы шығармашылық дәуіріне жататын күй - «Кішкентай». Патша өкіметіне қарсы көтеріліске Исатай Құрманғазыны «сен әлі кішкентайсың» деп қасына ертпейді. Сол кезде бұл күй «кішкене інісінің үлкен ағасы Исатайға арнауы» деп аталған. Күйдің «Кішкентай» деп аталу себебі осы. Құрманғазы өзінің күй шығарудағы қадамын осылай бастаған.

1-оқушы: - Жизнь великого музыканта насыщена множеством событий. В его кюях отражена целая эпоха, жизнь и быт того времени.

Курмангазы посвятил свое первое произведение теме народной борьбы не случайно. С детства он испытал полную чашу горести. Он вырос в обстановке сложных общественных противоречий и жизненный путь Курмангазы от колыбели до могилы и путь его к искусству отнюдь не были усыпаны цветами.

Во второй половине 30-х годов девятнадцатого столетия в Букеевской орде произошло большое народное восстание Исатая Тайманова и Махамбета Утемисова против жестокого

притеснителя хана Жангира. Восстание было жестоко подавлено. Эти события были для Курмангазы первым уроком классовой борьбы и породили кюй «Кишкентай». Пламенные песни Махамбета и бунтарские кюи Курмангазы неслись тогда по степи и зажигали сердца людей. За бунтарские взгляды и неподчинение властям Курмангазы подвергался преследованиям и арестам. Он был вынужден подолгу жить вдали от родных мест. *«Кишкентай» күйі тыңдалады.*

Сахналық көрініс. /«Кісен ашқан» филімінен үзінді көрсетіледі.

2-оқушы: - Әлеуметтік теңсіздікке қарсы күресу Құрманғазы шығармашылығының негізгі өзегі болып табылады. Ол айналада болып жатқан өзекті оқиғаларды өз күйлерінде шынайы бейнелейді.

1868-1869 жылдары патша реформасына қарсы Маңғыстау аймағында он мыңдай адайлар бірігіп, қарсы көтеріліске шығады. Осы көтеріліс халықтың рухын көтеріп, жарқын болашақты елестетеді. «Адай» - күй кейпіндегі ерлік, күрес, еркіндік ұраны болып табылады.

3-оқушы: - Одно из самых ярких сочинений Курмангазы, демонстрирующее индивидуальный стиль композитора - кюй «Адай». Люди из рода Адай издавна слыли в степи непреклонной волей, сильным характером и воинственным духом. В музыке кюя отразились решительность, храбрость, целеустремленность адаевцев, переданная мужественными, ритмически четкими интонациями.

4-оқушы: - «Адай» күйі туралы профессор Ахмет Жұбанов өзінің «Құрманғазы» атты кітабында былай деп жазды: «Адай» - Құрманғазының ірі шығармаларының бірі. Онда өз заманының алдын ораған көреген көз, өткір тілі бар. Әдебиет дүниесінен үлгі алар болсақ, «Адай»

күйінде Махабеттің жалынды поэзиясының кейпі бар деп айта аламыз», - деген екен.

Мұғалім: - Какой вариант исполнения кюя вам больше понравился? Какие чувства он у вас вызвал?

Сабақ қонағының әңгімесі

/С.Аманжолов атындағы ШҚМУ музыка кафедрасының оқытушысы, сазгер *Жүнісов Уатқан Жүнісұлы* домбырада Құрманғазының күйлерін ойнап, олардың туу тарихы туралы әңгімелейді/.

Сабақты бекіту.

Мұғалім: - Күй дегеніміз не?

- Күй - домбырада және басқа халық аспаптарында орындалатын инструменталдық пьеса.

- Құрманғазыны неге «күй атасы» деген?

- Өйткені, оның күйлері халыққа жақын, ұғымды болған, халықты еркіндікке шақырған. Күйлері арқылы қазақ елін, жерін өзгеге таныстырған.

Үйге тапсырма: 1. Өнер, халық музыкалық аспаптары туралы өлеңдер, мақал-мәтелдер жаттап келу.

Бағалау: Сабаққа жақсы қатысып, жауап берген оқушылардың еңбегін бағалау.



**“Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде –
Казахский язык и литература в русской школе” –**
ай сайын шығатын республикалық
ғылыми-педагогикалық журнал.

Құрылтайшы және шығарушы:

“Білім және Ғылым” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Жауапты редакторы – Гүлзия БОЛАТБАЙҚЫЗЫ.

Корректоры – Гүлзира ӨМІРБЕКҚЫЗЫ.

Компьютерде теріп, беттеген – Жанар СЕЙДУЛЛАҚЫЗЫ.

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы
ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат
және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат
комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек
айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке
қою туралы **№1402-Ж** Куәлігі берілген.

Басуға 12.05.2011ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32.

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0.

Есептік баспа табағы – 7.68. Таралымы – 1883.

Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75697.**

Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй.

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және

бөлімдер.....256-06-46.

Факс.....256-13-41.

Электрондық пошта: KazUlagat@mail.ru

**Басылатын жері – «Алматы - Болашақ» Акционерлік
Қоғамы.**

**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ
ИЗДАНИЕ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ “БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ”**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде -
Казахский язык и литература в русской школе»,

№5, 2011 ж., 144 бет, Алматы.